Ақша-кредит саясаты туралы БАЯНДАМА

2022 МАУСЫМ

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 4
I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ 7
1.1. Болжамның алғышарттары 7
1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму динамикасы 10
1.3. Болжамның баламалы сценарийлері 14
1.4. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер 15
II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ 18
1.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер 18
2.1. Ақша ұсынысы 19
2.2. Ақша нарығы 19
2.3. Валюта нарығы 20
2.4. Қор нарығы 22
2.5. Депозит нарығы 23
2.6. Кредит нарығы 25
III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР 29
3.1. Сыртқы сектор 29
3.2 Ішкі экономиканы дамыту 30
3.3 Еңбек нарығы 34
3.5. Фискалдық саясат 46
НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР 48
БОКСТАР
1-бокс. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға біржолғы зейнетақы төлемдерінің халықтың кредиттік портфеліне әсері 26
Б-бокс. Геосаясат және Қазақстанның нақты секторы 36
3-бокс. Инфляцияның құбылмалылығы 40
4-бокс. Қант: саланың ерекшеліктері мен перспективалары 42
5-бокс. Өсімдік шаруашылығының: дәнді дақылдардан бақша дақылдарына дейін ауыл шаруашылығы дақылдарындағы түсімділік және баға жағдайы 44

Ақша-кредит саясаты туралы баяндама Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады, онда инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлардың талдауы, сондай-ақ макроэкономикалық өлшемдердің қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективадағы болжамы қамтылады.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің талдауы **2022 жылғы 1 маусымдағы** жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта геосаяси дағдарыс инфляциялық процестердің қалыптасуына және әлемдегі экономикалық белсенділікке әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып қалып отыр. Басталғанына үш айдан астам уақыт өткен Украинадағы оқиғалардың салдары пандемия кезінде басталған әлемдегі логистикалық және өндірістік тізбектердің проблемаларын ушықтыра түсті. Ресейге салынған санкциялардың салдарынан ұсыныс тапшылығының күтулері аясында энергия ресурстары бағасының үдеп өсуі жалғасты. Мысалы, Брент маркалы мұнайдың бағасы бір барель үшін қаңтардағы 86,5 АҚШ долларынан сәуірде 104,6 АҚШ долларына дейін өсті (өсім 20,9%). Әлемде азық-түлік бағасының айтарлықтай өсуі сақталып отыр. Ағымдағы жылғы ақпан-сәуірде ФАО-ның азық-түлік бағасының индексі 16,9%-ға өсті.

Энергия ресурстарының жоғары бағасы, азық-түлік бағасының өсуі, сондай-ақ жеткізілімдер жағдайының нашарлауы әлемде және Қазақстанның сауда әріптес елдеріндегі проинфляциялық жағдайдың өсуіне ықпал етті. ЕО-дағы инфляция 2022 жылғы сәуірде рекордтық деңгейде сақталып, 8,1%-ға дейін жеделдеді. Ресейде инфляцияның апталық көрсеткіштерінің бәсеңдеуіне қарамастан, жылдық инфляция әлі де жоғары деңгейде тұр *(ағымдағы жылғы сәуірде 17,8%)*. Логистикалық тізбектердің күрделенуі салдарынан өнім қорының қысқаруына және импорттық тауарлар бағасының өсуіне байланысты Ресейде инфляциялық процестердің қысқа мерзімді жеделдеу тәуекелі сақталып отыр. Қытайда логистикадағы іркілістердің артуына және азық-түлік өнімдеріне бағаның өсуіне байланысты инфляция ағымдағы жылғы наурызда 1,5%-дан сәуірде 2,1%-ға дейін жеделдеді.
Инфляцияның жоғарылауы жағдайында дамыған экономикалардың орталық банктері не риториканы күшейтеді, не пайыздық мөлшерлемелерді көтереді. Өз кезегінде, нарыққа қатысушылар жобалағаннан әлдеқайда күшті, ФҚЖ мөлшерлемесінің өсуі дамушы елдерден капиталдың одан әрі кетуіне әкелуі мүмкін, бұл олардың айырбастау бағамдарының динамикасына және кейіннен инфляцияға әсер етеді.

Мұнай өнімдерінің жоғары бағасы, инфляцияның жоғарылауы және жеткізілімдегі іркілістер әлемдегі экономикалық белсенділікке тежеуші ықпал ететін болады. ХВҚ болжамдары бойынша алдағы перспективада әлемдік экономика бұрын болжағанға қарағанда әлдеқайда әлсіз қарқынмен дамитын болады. 2022-2023 жылдары әлемдік экономика 3,6%-ға өседі деп күтілуде (алдыңғы болжам 2022 жылға - 4,4%, 2023 жылға - 3,8%). Ресейде құрылымдық қайта құру нәтижесінде биылғы жылы экономика 8-ден 12%-ға дейін қысқаруы мүмкін, бұл 1994 жылдан бергі ең күрт құлдырау болып табылады. 2022 жылғы бірінші тоқсанның жоғары базасына байланысты Ресей экономикасы 2023 жылдың қорытындысы бойынша да қысқарады ((-3,0)-0%).

Қазіргі уақытқа дейін сыртқы сектордағы жағдайдың нашарлауы Қазақстандағы экономикалық белсенділікке айтарлықтай әсер еткен жоқ. Қаңтар-сәуірдің қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4,4% құрады. Экономикалық өсудің 4%-дан жоғары сақталуына мұнай мен металдардың жоғары бағасы, жоғары инфляциялық күтулер аясында тұтынушылық сұраныстың, халықтың нақты кірістерінің өсуі (ағымдағы жылғы бірінші тоқсанда 7,7%), карантиндік шектеулер мен кредиттік импульстің алып тасталуы ықпал етеді. Мәселен, банктердің тұтыну портфелінің кеңеюі жалғасуда және ағымдағы жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша жылдық көрсеткіште өсім 35,6% құрады. Халықтың инвестициялық белсенділігі ипотекалық кредиттермен қамтылып отыр, оның ағымдағы жылғы сәуірде өсімі 49,8% құрады. Сонымен қатар, Ұлттық Банктің бағасы бойынша, сауда әріптес елдердегі экономикалық белсенділіктің баяулауы, мұнай бағасының сценарийлік төмендеуі, сондай-ақ өндірістік және логистикалық тізбектердегі іркілістердің салдарынан Қазақстан экономикасының өсуі 2022 жылдың соңына дейін 3-4%-ға дейін біршама бәсеңдейді. 2023 жылы мұнай өндіру мен экспорттау көлемінің ұлғаюы, сондай-ақ белгісіздіктің жалпы деңгейінің төмендеуі аясында экономиканың өсуі 3,5-4,5% дейін жеделдейді.

Экономикалық белсенділіктің шектеулі ықпалына қарамастан, геосаяси дағдарыс Қазақстандағы инфляциялық процестерге едәуір дәрежеде әсер етті. Мәселен, жылдық инфляция ағымдағы жылғы қаңтарда 8,5%-дан сәуірде 13,2%-ға дейін өсті. Сыртқы инфляциялық күтілмеген өзгеріске жекелеген азық-түлік нарықтарындағы ішкі шешілмеген проблемалар үстінен қоса қосылды. Сөйтіп, өткен жылдың аяғына қарай өсу баяулағаннан кейін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (бұдан

әрі - ӘМАТ) бағасы өсудің айтарлықтай жылдамдығын көрсетті. Жыл басынан бастап 24 мамырға дейін ӘМАТ 15,6%-ға қымбаттады, бұл ретте өткен жылдың сәйкес кезеңінде баға өсімі небәрі 5,9%-ды құрады.

Инфляцияны одан әрі жоғары деңгейде сақтауға ықпал ететін факторлардың ішінде фискалдық саясатты атап өту қажет. 2022 жылы фискалдық саясат фискалдық тәртіптің әлсіздігі аясында проциклдік сипатқа ие болады. Мәселен, жоғары инфляциялық қысымға, мұнайдың жоғары бағасы мен ЖІӨ-нің ұзақ мерзімді деңгейден жоғары өсуіне қарамастан, бюджетті нақтылау кезінде 2022 жылға арналған бюджет шығыстарының айтарлықтай және күрт қайта қаралуы орын алды.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сұраныс пен ұсыныс теңгеріміне және тиісінше инфляцияға ықпал ететін тағы бір фактор - инфляциялық күтулердің жоғарылауы. Маркер тауарларға бағаның айтарлықтай өсуі және айырбастау бағамының әлсіреуі аясында олар айтарлықтай өсті. Осылайша, бір жылға күтілетін күтілетін инфляцияны сандық бағасы мамырда 11,7%-ға дейін өсті.

2022 жылдың аяғына дейін өнімнің импорттық жеткізілімдерін қайта құру, инфляциялық елеулі сыртқы қысым, азық-түлікке әлемдік жоғары баға, сондай-ақ оң фискалдық импульс аясында инфляцияның 13-15% жоғары ауқымда қалыптасуы күтілуде. 2022 жылғы жоғары база есебінен кету және сыртқы инфляциялық қысымның біртіндеп төмендеуі жағдайында 2023 жылы оның 7,5-9,5%-ға дейін баяулауы күтілуде. Сыртқы және ішкі жаңа күйзелістер болмаған жағдайда 2024 жылы инфляция әлі де таргеттелетін дәлізден тыс болады, бұл ретте оның жоғарғы шекарасына қарай баяулауы болжануда.



I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

1.1. Болжамның алғышарттары

Соңғы уақытта арта түскен және іске асырылған геосаяси тәуекелдер шикізат пен тауарлар бағасының тез өсуіне себепші болды және елдерде жеткізілімдер тізбегімен және инфляциялық жағдайдың көтерілуімен байланысты проблемаларды ушықтырды. Аталған факторлардың қысымымен таяу перспективада әлемдік экономика бұрын болжанғанға қарағанда әлсіз қарқынмен дамиды деп күтілуде. ХВҚ бағасы бойынша 2022-2023 жылдары әлемдік экономика 3,6%-ға (алдыңғы болжам 2022 жылға – 4,4%, 2023 жылға – 3,8%) ұлғаяды. Үздік экономикалардың, соның ішінде Ұлыбритания, АҚШ, Қытай, Франция, Италия экономикаларының өсу қарқыны 2021 жылға қарағанда екі есеге жуық төмен болады. Қытайдан басқа Азия елдерінің тобында, экономикалық өсім бойынша болжамдар неғұрлым жағымды болып көрінеді. Ресей бойынша биылғы жылы экономиканың төмендеуі 8%-дан 12%-ға дейін болуы мүмкін, бұл 1994 жылдан бергі ең күрт құлдырау болып табылады. Әлемдік экономиканың неғұрлым пессимистік сценарий бойынша даму тәуекелдері жоғары болып табылады, бұл Украинадағы оқиғалардың ұзақтығының белгісіздігіне және көптеген елдердегі жоғары инфляцияға, ірі орталық банктердің неғұрлым қатаң саясатына нарықтардың ықтимал теріс реакциясына және Қытай мен басқа елдерде коронавирустың қайта өршуінің пайда болуына байланысты.

ЕО экономикасы бойынша 2022-2023 жылдарға арналған өсу перспективалары төмендеу жағына қарай қайта қаралуда. Басты түсіндіруші факторлардың бірі – Ресейге энергетикалық тәуелділік және шикізат тауарларының жоғары бағасы болып табылады. Бұл факторлар, бір жағынан, өнеркәсіп пен инвестициялардың өсуін шектейді, ал екінші жағынан, инфляцияны жоғары деңгейде ұстайды. Қосымша тежеуші ықпал экономикалық белсенділіктің бұрын болжанғанға қарағанда күтілетін анағұрлым күшті бәсеңдеуіне байланысты ірі сауда әріптестері - АҚШ пен Қытай тарапынан сұраныстың әлсіздігінен бола туындайды. ЕО экономикасының өсуіне жоғары тұтынушылық белсенділік пен Шығыс Еуропадан халықтың ағыны қолдау көрсетуді жалғастырады деп күтілуде. Еңбек нарығындағы ахуалдың болжамды жақсаруы да оң ықпал ететін болады. Қалпына келтіруге ЕО-ның жасыл экономикаға (RePowerEU) көшу жөніндегі іс-қимылы қосымша түрткі болады. Consensus Ecs болжамы бойынша, ағымдағы жылы ЕО экономикасының өсу қарқыны 2,8% құрайды. 2023 жылы экономиканың өсуі 2,3% құрайды және әлеуетті мәндерге жақын болады деп күтілуде (1-график).

Болжамды аумақта Қытай экономикасының өсу қарқыны пандемияға дейінгі деңгейден төмен болып қалады. Өсу, ең алдымен, жүргізіліп отырған COVID-19-ға нөлдік төзімділік саясатының нәтижесінде бәсеңдейді. Сондай-ақ әлемдегі геосаяси ахуалдың шиеленісуі және бағаның барлық жерде жаппай өсуі сыртқы сұранысқа кері әсерін тигізеді деп күтілуде, бұл түптеп келгенде экспорттың өсуін тежейді. Карантинді қайта енгізуді және тиісінше, еңбек нарығындағы жағдайлардың нашарлауы мен табыстың төмендеуі ықтималдығы салдарынан 2022 жылғы наурыз-сәуірде айтарлықтай төмендеген тұтынушылық белсенділікті қалпына келтіру, мүмкін, сылбыр болып қалуы мүмкін. Екінші жағынан, күтілетін салықтық жеңілдіктер мен ынталандырушы ақша-кредит саясаты инвестициялардың өсуіне, кредиттерге сұранысқа және тұтастай алғанда елдің экономикалық көрсеткіштеріне оң әсер етуі тиіс. Экономиканың әлсіз даму тәуекелдері жылжымайтын мүлік секторындағы берешектің жоғары деңгейімен, әлемдегі геосаяси оқиғалардың шиеленісуі аясында дамушы нарықтардан капиталдың одан әрі кетуімен, сондай-ақ Батыс тарапынан қайталама санкциялардың енгізу ықтималдығымен тығыз байланысты. Consensus Ecs бағалауы бойынша Қытай экономикасы 2022 жылы 4,7%-ға, ал 2023 жылы 5,1%-ға ұлғаяды (1-график).

Ресейдің экономикалық өсу перспективалары геосаяси жағдайдың шиеленісуімен едәуір күрделенуде. Енгізілген Батыс санкциялары өнеркәсіп пен инвестициялардың күрт құлдырауына алып келеді. Елде белгісіздіктің артуына және импорттық тауарларға қол жеткізудің шектелуіне байланысты ішкі жеке тұтыну да тез қысқаратын болады. Сонымен бірге шикізат тауарларының экспорты да қысқаратын болады, бұл бір жағынан ЕО елдерінің Ресейден энергия тасымалдаушылар импортын шектеу жөніндегі іс-қимылдарымен, екінші жағынан Батыс тарапынан қайталама санкциялар енгізуден қауіптенетін басқа елдердің тұтынуының ықтимал төмендеуімен байланысты болады. Инфрақұрылымдық жобаларды және өзге де ынталандыру бағдарламаларын іске асыру арқылы мемлекеттік тұтыну басқа факторлардың экономикасына кері әсерін ішінара жұмсарта отырып, біртіндеп ұлғаяды деп күтілуде. Бұдан басқа, жекелеген салалардағы қалпына келу белгілері және елдегі импортты алмастыруды дамыту аясында оларға инвестициялардың өсуі байқалуы мүмкін. Consensus Ecs болжамына сәйкес, 2022 жылы Ресей экономикасы 9,0%-ға қысқарады. 2023 жылы жаңа жағдайларға бейімделу шамасына қарай ахуалды біртіндеп тұрақтандыру күтілуде. Экономикалық белсенділіктің төмендеуі 1,4%-ға дейін қысқарады деп күтілуде (1-график).

Әлемдегі геосаяси жағдайдың шиеленісуі және оның одан әрі дамуының белгісіздігі аясында шикізат тауарларының, ауыл шаруашылығы өнімдерінің және басқа да көптеген тауарлардың бағасы барлық болжамды аумақта жоғары болып қалуы мүмкін. Қытайдағы қайталама бұғаттау және бұдан туындайтын жеткізілім іркілістері де бағаның өсуіне қосымша үлес қосуы мүмкін. Проинфляциялық тәуекелдердің өсуін ескере отырып, жаһандық инфляция бұрын күтілгеннен де ұзақ уақыт бойы жоғары мәндерде қалады.

ЕО-дағы инфляция азық-түлік бағасының одан әрі күтілетін өсуіне, энергия тасымалдағыштардың жоғары бағасына және еуроның басқа әлемдік валюталарға қатысты болжамды әлсіреуіне байланысты нысаналы көрсеткіштен едәуір жоғары болады. Инфляцияның шыңы 2022 жылдың екінші тоқсанына келеді деп күтілуде. Әрі қарай, нарықтағы ұсыныстың өсуіне және энергия тасығыштарға бағаның тұрақтануына қарай инфляция біртіндеп төмендей бастайды (2-график).

1-график. Нақты мәнде Қытай, ЕО, Ресей ЖІӨ өсу қарқыны*, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, Consensus Ecs.

2-график. Қытайдағы, ЕО-дағы, Ресейдегі инфляция, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, РФ ОБ, Consensus Ecs., European Commission

3-график. Әлемдік мұнай нарығының динамикасы



Дереккөзі: EIA

4-график. Мұнайды әлемдік тұтыну, ж/ж



Дереккөзі: EIA

Қытайда инфляция жеделдейді. Алайда, тұтыну белсенділігінің болжамды әлсіз өсуі нәтижесінде инфляцияның өсуі бірқалыпты болады деп күтілуде. Болжамды кезеңнің соңына бағаның жалпы өсуі 2-2,2%-ға дейін баяулайды (2-график). Өз кезегінде Ресейде инфляция таяу болашақта жоғары деңгейде болады. Алайда РФ Орталық банкі жүргізіп отырған саясат аясында инфляция біртіндеп төмендейтін болады. 2023 жылдың соңына дейін 4% бағдарға қол жеткізу күтілмейді (2-график).

Өсіп келе жатқан инфляциялық қысым және геосаяси дағдарыстың ұзақтығына қатысты сақталып отырған белгісіздік жағдайында дамыған елдердің орталық банктерінің күшейту риторикасын ұстанып қала береді.

Еңбек нарығындағы біршама тұрақтану аясында АҚШ ФҚЖ жоғары инфляциямен бірге мөлшерлемені көтеру циклін жалғастырады деп күтілуде. Нарықтың ағымдағы күтулері осы жылдың соңына дейін АҚШ ФҚЖ-ның негізгі мөлшерлемесін бес есе арттыруға әкеледі. 2023 жылы мөлшерлеме төрт рет көтерілуі мүмкін.

ЕОБ белгілері де күшейтуге бет алған. ЕОБ саясаты активтерді сатып алуды толық тоқтату сценарийі бойынша көп жылдар ішінде алғаш рет мөлшерлемені екі есе көтеруге дейін өтеді.

Барлық болжамды ауқымда мұнайдың жоғары бағасының сақталуын күтуге байланысты тұтастай алғанда мұнай нарығының даму перспективалары оң бағаланады.

EIA болжамы бойынша 2022-2023 жылдар ішінде әлемдік мұнай нарығында шағын профицит байқалады, бұл оны тұтынуға қарағанда мұнай ұсынысының неғұрлым жылдам өсуіне байланысты болады (3-график).

Мұнайға деген әлемдік сұраныс бойынша болжамдар шамалы төмендеді. Тұтастай алғанда, 2021 жылмен салыстырғанда мұнайды тұтыну тәулігіне 2,2 млн баррельге артып 2022 жылы тәулігіне 99,6 млн баррельге дейін, 2023 жылы тәулігіне 1,9 млн. баррельге артып тәулігіне 101,5 млн баррельге дейін өседі (4-график). Тұтынудың әлсіз өсуінің негізгі тәуекелдерін әлемдік экономиканың күтілетін бәсеңдеуімен байланыстырады. Бұдан басқа, Қытайдың антиковидтік саясатына байланысты талданып отырған кезең ішінде шектеулерді қайта енгізу мүмкіндігі жоққа шығарылмайды. Қытай

әлемдегі екінші ірі мұнай импорттаушы екенін ескерсек, Қытай тарапынан сұраныстың қысқаруы бағаға айтарлықтай қысым көрсетуі мүмкін.

Қалыптасқан жағдайларда әлемдік мұнай өндірісі де белгісіздікпен байланысты. Геосаяси оқиғалар аясында Ресейде мұнай өндіру жөніндегі болжамдар төмендеу жағына қарай қайта қаралуда. Бұл ретте нарықтардың күтілетін қайта бағдарлануына байланысты күшті қысқару болжанбайды. ОПЕК+ елдері бойынша өндірістік қуаттағы қиындықтарға байланысты жеткізілімдер іркілісі болуы де мүмкін. Мұнай жетіспеушілігі АҚШ, Канада, Бразилия және басқа да мұнай өндіруші елдерде мұнай өндірудің күтілетін жеделдеуімен теңестірілуі мүмкін. Осылайша, болжамды кезеңде айтарлықтай мұнай тапшылығы күтілмейді (5-график).

Келтірілген факторларды қорыта отырып, мұнай бағасы жуық перспективада ағымдағы мәндерге жақын болуы мүмкін. Көп нәрсе Украина төңірегіндегі жағдайға байланысты болады. Дүниежүзілік банк 2024 жылға дейін азық-түлік және шикізат тауарларының бағасы жоғары деңгейде қалады деп күтуде, бұл Украинадағы қақтығыс жағдайында сауда мен өндірістегі іркілістерге байланысты. Бұл ретте 2022 жылдың қорытындысы бойынша Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы бір баррель үшін 100 АҚШ долларын, ал 2023 жылы - құрайды.

Халықаралық ұйымдардың болжамдарын және мұнай бағасының одан әрі траекториясына ықтимал/әсер етуі мүмкін факторларды назарға ала отырып, болжамды кезеңде Қазақстан экономикасы дамыуының базалық сценарийі кезінде Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррель үшін 90 АҚШ долларын құрайды.

Оптимистік сценарий кезінде Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррель үшін 110 АҚШ долларын құрайды, ал пессимистік бір баррель үшін 50 АҚШ долларын құрады.

1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму динамикасы

Ұлттық Банктің бағалауы бойынша динамика 2022 жылы Қазақстандағы экономикалық белсенділік 2,8-3,8% диапазонында қалыптасады (6-график). 2022 жылғы қаңтарда экономика 4,4% - ға өсті, бұл қалыптасқан күтулрден жоғары ағымдағы жылдың наурыз айында ықтимал траекторияны сапалы бағалау. Бұл оң байланысты оң фискалдық импульспен, сондай-ақ экспорттаушы елдердің мұнай нарығындағы

5-график. Мұнайдың әлемдік өнідірісі, ж/ж, %



Дереккөзі: *EIA*

6-график. ЖІӨ, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

жағдайы. Сонымен бірге ЖІӨ-нің одан да жеделдеуі сақталып отырған геосаяси дағдарыс тежелетін болады.

Барлық құрауыштар жағынан ЖІӨ-нің өсуіне оң үлес қосуы болжанып отыр. Ішкі сұраныс жағынан орташа өсім күтілуде. Республикалық бюджет шығыстарының әлеуметтік салаға қосымша ұлғаюы (әлеуметтік төлемдерді индексациялау, халықтың табысын арттыру жөніндегі іс-шаралар, денсаулық сақтау, білім беру және мәдениет және спорт саласында еңбекақының өсуі және т.б.) және тұтынушылық кредиттеудің оң серпіні сақталуы нәтижесінде халық табысының оң серпінінің салдары тұтынушылық сұраныстың ұлғаюы болады. Бұл ретте, Қазақстанның импортында үлкен үлесін ескере отырып, Ресейдің ЖІӨ-нің қысқаруы (2021 жылы 42,1%) үй шаруашылықтары сұранысының неғұрлым күшті динамикасын тежейтін болады. Санкциялар мен көптеген ірі халықаралық өндірушілердің РФ-дан кетуі және, нәтижесі ретінде, логистикалық схемалар мен жеткізілімдер тізбегінің бұзылуы, Ресейдегі жоғары инфляция, қорлардың сарқылуы мен негізгі азық-түлік тауарлар (қант, астық) экспортына уақытша тыйым салу Қазақстанда тұтынушылық сұраныстың неғұрлым белсенді іске асырылуына тежеуші ықпал етеді.

ТШО-да жобаны және тау-кен өндіру өнеркәсібінде басқа да жобаларды іске асыру, тұрғын үй құрылысының өсуі мен мемлекеттік инфрақұрылымдық бағдарламалардың жалғасуы жағдайында инвестициялық сұраныс та оң динамиканы көрсететін болады. Геосаяси дағдарыс аясында экономикадағы қорлар көлеміне қатысты белгісіздік сақталып отыр.

Күшті фискалдық импульс аясында мемлекеттік басқару органдарының тұтынуының өсу қарқыны жеделдейді.

2022 жылдың соңына қарай нөлге жақын мәндерге дейін біртіндеп қысқаруымен нақты экспорт тарапынан оң үлес күтілуде. Мұнай нарығындағы қолайлы жағдай мен ОПЕК + тәулікте мұнай өндіру бойынша шектеулерді төмендетуі экспорттың оң серпінін қолдайды. Мұнайдың ағымдағы жоғары бағасына қарамастан, экспорттың неғұрлым айтарлықтай жеделдеуін барынша әлсіз сыртқы сұраныс, сондай-ақ негізгі кен орындарында жоспарланған күрделі жөндеулер тежейді.

Ішкі сұраныстың оң серпініне байланысты импорт та әлсіз оң аймақта болады және ЖІӨ-ге тежеуші ықпал етуді жалғастырады. Геосаяси дағдарысқа байланысты жеткізілімдер тізбегінің бұзылуы және Ресейде жоғары инфляция импорт динамикасына кері әсерін тигізді. Сонымен қатар, экономикалық агенттердің қалыптасқан нақты жағдайларға бейімделуі шеңберінде жаңа жеткізушілерді іздестіру мен табу және Ресейдің импорттық өнімдерін алмастыру қажеттілігі артып келеді.

Бұл ретте геосаяси дағдарыстың және Қазақстанның ішкі сұранысы мен таза экспортының динамикасына жағдайдың әсер етуінің барынша жоғары ауқымының ұзақтығы бойынша әлі де сақталып отырған белгісіздік болжам тәуекелі ретінде ескеріледі.

2023 жылы ЖІӨ-нің өсу қарқыны 3,5%-4,5% дейін жылдамдайды деп күтілуде. Экономикалық өсуге экспорттық және импорттық жеткізілімдер тізбегінің күтіліп отырған қалыпқа келуі, сондай-ақ экономикадағы белгісіздіктің жалпы төмендеуі ықпал етеді. Сонымен қатар, ОПЕК+ шеңберіндегі шектеулердің біртіндеп әлсіреуі және мұнай өндіруші елдердің мәмілесі болжамды аяқталуы 2022 жылмен салыстырғанда энергия ресурстарын өндірудің көлемі айтарлықтай өсуіне ықпал етеді. Бұл экспорттың өсуі шамалы жеделдеуіне және инвестициялардың неғұрлым белсенді динамикасына әкеледі. Халықтың нақты табысының, жалақылар мен тұтынушылық кредиттеудің күтіліп отырған өсімі аясында тұтынушылық сұраныстың өсу үрдісі сақталады. Бұдан басқа, фискалдық саясаттың проциклдық бағыттылуының сақталуы ішкі сұраныстың оң динамикасына ықпал етеді.

Күтілмеген өзгерістердің теріс әсері аяқталуы аясында 2024 жылы экономиканың өсу қарқынының жеделдеуі жалғасады. Бұл динамикаға ТШО тарапынан өндірістің айтарлықтай ұлғаюы да ықпал етеді. Бұл, ең алдымен, экспорттық жеткізілімдердің одан әрі кеңеюіне елеулі және ішкі сұранысқа неғұрлым қалыпты ықпал етеді.

«2021 жылғы қараша-желтоқсан» болжамды кезеңінде жасалған бағалаумен салыстырғанда 2022 жылы шығарылым аралығының траекториясы төмендеуі жағына қарай қайта қаралды, 2023 жылы айтарлықтай өзгерістерге ұшырамайды. 2022 жылы қайта қарау экспорттың болжамды динамикасы мен тұтастай алғанда экономикалық белсенділік төмендеуіне байланысты болды. 2023 жылы шығарылым аралығы әлеуетті деңгейлерге жақын болады, бұл ретте 2024 жылы экспорт пен ішкі сұраныстың өсуі жеделдеуі жағдайында оң аймақта болады.

Артқан сыртқы инфляциялық аяның, сондай-ақ әлемдік тауар нарықтарындағы бағалардың жеделдеуі жағдайында Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 2022 жылдың соңында инфляцияның 13% - 15%-дық ауқымда қалыптасуы күтілуде. Инфляцияның қысқа мерзімді динамикасы ағымдағы жылғы наурызда дүрбелең сұраныс аясында байқалған бағаның өсуін ескере отырып өтеді. Бұдан басқа, геосаяси белгісіздіктен туындаған жеткізу тізбектеріндегі үзілістер қосымша проинфляциялық қысым көрсетуі мүмкін.

ТБИ құрауышы бойынша азық-түлік тауарлары бағасының динамикасы бойынша неғұрлым жоғары өсім байқалады. Қысқа мерзімді кезеңде азық-түлік құрауышына сыртқы факторлар, атап айтқанда азық-түліктің әлемдік бағасының өсуі елеулі ықпал етеді. Импорттық шикізатты пайдаланатын отандық өндірушілердің және импорттық өнімді өткізетін дистрибьюторлардың логистикалық тізбектерінің бұзылуы да 2022 жылы азық-түлік құрауышына елеулі инфляциялық қысым көрсетеді.

Үкімет азық-түлік бағасының өсуін тежеу жөніндегі шараларды тиімді іске асырған жағдайда, азық-түлік инфляциясының динамикасы болжамның төменгі шекарасына жақын қалыптасатынын атап өткен жөн. Қазіргі уақытта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мақсатында ірі және ұсақ қара малды шетелге шығаруға тыйым салынды, сондай-ақ 2022 жылғы маусымға дейін бидайды экспорттауға шектеу қойылды.

Жеткізілімдер тізбегіндегі үзілістер, сауда әріптес елдерінде инфляцияның өсуі жағдайында азық-түлікке жатпайтын инфляцияның жылдық мәнде жоғарылауы күтіледі. Бағалаулар бойынша, 2022 жылдың соңына қарай импорттық азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуі біршама жеделдейтіні болжанып отыр, бұл ретте бағалары әкімшілік реттеуге ұшырайтын жанар-жағармай материалдары мен көмірдің бағасы өсуі қалыпты динамиканы көрсетеді.

2021 жылдың жоғары базасы жағдайында ақылы қызмет көрсету инфляциясының баяулауы күтілуде. Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер бағасының неғұрлым қалыпты өсу динамикасы дезинфляциялық динамикаға ықпал етеді. Нарықтық емес қызметтердің 2022 жылдың соңына дейін төмен өсуі күтілуіне қарамастан, олардың бағалары (жанар-жағармай материалдарымен қатар) 2022 жылдың екінші жартысында олардың көтерілуіне мораторий қолданылуы аяқталуына байланысты күрт өсуінің тәуекелдері бар. Бұдан басқа, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерден айырмашылығы жоғары инфляциялық күтулер жағдайында қысқа мерзімді келешекте нарықтық қызметтер бағасының жоғары өсуі қалыптасады. Бұл, өз кезегінде, реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер бағасының динамикасынан дезинфляциялық әсерді реттейді.

7-график. Инфляция, тоқсандағы орташа мәні, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

2023 жылы өндірістік, сауда және логистикалық тізбектерді еріксіз қайта құруға байланысты құрылымдық трансформация аясында жылдық инфляция болжамдары көтерілу жағына қарай қайта қаралды. Орта мерзімді келешекте алдыңғы бағалаулармен салыстырғанда неғұрлым жоғары сыртқы инфляциялық ая байқалады. Бұл Қазақстанның сауда әріптес елдерінде инфляцияны көтерілу жағына қарай қайта қарауға, сыртқы азық-түлік бағасының неғұрлым жоғары динамикасына, сондай-ақ бюджет шығыстарына қатысты әлсіз фискалдық тәртіпке байланысты. Екінші жағынан, ақша-кредит талаптары инфляцияның орта мерзімді траекториясына сыртқы факторлардың теріс әсерін өтейтін болады. 2022 жылғы жоғары база есептеуінен кету және сыртқы инфляциялық қысымның біртіндеп төмендеуі жағдайында инфляция баяулайтыны күтілуде. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша 2023 жыл ішінде жылдық инфляция біртіндеп бәсеңдейді және жыл соңына қарай 7,5-9,5% аралығында қалыптасады (7-график). 2024 жылдың соңына қарай инфляция сыртқы және ішкі дағдарыстар болмау жағдайында нысаналы дәлізден тыс болады, соңымен қатар 4-5% жоғарғы шекарасына қарай қалыптасатын болады.

Украина мен Ресей тарапынан экспорттық жеткізілімдерді төмендеуі жөніндегі күтулер аясында қалыптасқан рекордтық нақты деңгейлер жағдайында алдыңғы бағалаумен салыстырғанда ФАО астық индексі бойынша қысқа мерзімді болжамдар едәуір көтерілетіні жағына қарай қайта қаралды. Сонымен қатар, 2022 жылдың жоғары базасы жағдайында орта мерзімді перспективада әлемдік азық-түлік бағасының өсуі баяулайтыны күтілуде. Сонымен қатар, логистикалық проблемалардың біртіндеп жеңілдеуі әлемдік азық-түлік нарықтарында баға қалпына келуіне ықпал етеді.

Орта мерзімді кезеңде инфляцияның төмендеуі сыртқы инфляциялық қысымның қысқаруы жағдайында орын алады. Қытайда инфляция нысаналы мәннен төмен болады деп күтілуде. Сонымен қатар, ЕО мен Ресейде бағаның жылдық өсімі неғұрлым ұзақ проинфляциялық ая қалыптасқанын білдіре отырып, тиісті таргеттелетін деңгейлерден асады. Сауда әріптес елдерінде инфляциялық динамиканың бәсеңдеуінен дезинфляциялық ықпал

алдыңғы бағалаумен салыстырғанда анағұрлым төмен болатынын атап өткен жөн.

Үкіметтің тауар нарықтарында теңгерімсіздіктерді тиімді жоюға және фискалдық тәртіпті сақтауға бағытталған шаралар кешенін тиімді іске асыруы жағдайында орта мерзімді кезеңде инфляцияның баяулауы неғұрлым үдемелі қарқынмен орын алады.

1.3. Болжамның баламалы сценарийлері

Әлемдегі геосаяси ахуалға және әлемдік экономиканың өсу динамикасына байланысты белгісіздіктің болуын ескере отырып, Ұлттық Банк базалық сценарийден басқа баламалы сценарийлерді қарастырды.

Ұлттық Банк мұнай бағасы бір беррелі үшін 50 АҚШ долларына дейін құлдырауы және ол болжамды келешектің соңына дейін осы деңгейде сақталуы сценарийін пессимистік ретінде қарастырды.

Бұл сценарий әлемде эпидемиологиялық жағдай нашарлауынан, әлемдік экономиканың әлсіз динамикасынан және ОПЕК + шеңберінде мәміленің қолданылуы тоқтатылуынан және өндіріс өсуінен орын алған мұнай нарығында жалғасып отырған теңгерімсіздіктердің болуынан іске асырылуы мүмкін.

Пессимистік сценарий бойынша оқиғалар дамыған жағдайда, Қазақстан экспортының өсу траекториясы Қазақстаннан шикізат өнімдеріне сыртқы сұраныстың нашар динамикасының салдарынан неғұрлым орташа болады. Базалық сценариймен салыстырғанда тау-кен өндіру секторының кәсіпорындары кірісінің теріс динамикасы өндіріс пен инвестициялардың қысқаруына алып келеді, ол құрылыс, көлік, сауда және өзге де көрсетілетін қызмет салаларына теріс әсер етеді. Халық табысы мен инвестициялардың барынша нашар динамикасы тұтынушылық және инвестициялық сұраныстың өсуін біршама шектейді. Нәтижесінде, базалық сценариймен салыстырғанда 2022-2023 жылдары Қазақстан экономикасының өсуі неғұрлым қалыпты болады. **Экономиканың өсуі әлеуетті деңгейден төмен болып, 2,3-3,3%-ды құрайды.**

Пессимистік сценарийде болжамды кезең ішінде инфляция нысаналы дәлізден жоғары қалыптасуын жалғастырады. Ішкі сұраныс жағынан дезинфляциялық қысым болуына қарамастан, базалық сценариймен салыстырғанда инфляциялық процестердің жоғары динамикасы теңгенің неғұрлым әлсіз нақты бағамына, импорттық өнімді жеткізудегі ықтимал бұзушылықтарға және инфляциялық күтулердің тиісті өсуіне байланысты болады. **2022 жылы** инфляция **14-16%**, **2023 жылы – 8,5-10,5%** болады.

Оптимистік сценарий іске асырылуы кезінде мұнай бағасының траекториясы **болжамды аралықта бір баррелі үшін 110 АҚШ доллары** деңгейінде болады деп болжанады. Бағаның мұндай траекториясы әлемдік экономиканың барынша күшті динамикасына және базалық сценариймен салыстырғанда ОПЕК+ жағынан мұнай өндіруді барынша қалыпты ұлғайтуына байланысты болуы мүмкін. Көмірсутектердің жоғары бағасы мен сауда әріптес елдердің тарапынан мықты сыртқы сұраныс базалық сценарийге қарағанда Қазақстан экономикасының неғұрлым жоғары өсу қарқынына әкеледі. **ЖІӨ өсімі 2022 жылы 3,3-4,3%, 2023 жылы 4-5% болады**.

Оптимистік сценарий бойынша оқиғалар дамыған жағдайда, инфляция базалық сценариймен салыстырғанда неғұрлым жылдам қарқынмен баяулайтын болады. Бұған теңгенің айырбастау бағамының мықты динамикасы мен аздаған сыртқы инфляциялық қысымы, негізінен Ресейдегі инфляцияның неғұрлым төмен траекториясы аясында ықпал етеді. **2022 жылы** инфляция **13-15%**, **2023 жылы – 6,5-8,5%** аралығында қалыптасады.

1.4. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер

Әлемде геосаяси шиеленістің сақталуына байланысты инфляцияның жеделдеу тәуекелдері жоғары болып қалуда (8-график).

Әлемдегі геосаяси дағдарыс Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштері болжамдарының алғышарттарына жоғары белгісіздік енгізуде, осылайша инфляцияның өзінің болжамды мәндерінен жоғары деңгейде ауытқу тәуекелдерін қалыптастыруға себепші болуда.

Мәселен, дамушы нарықтардан дамыған нарықтардың пайдасына капиталдың әкетілу қаупі жоғары болатыны көрініс алуда. Біріншіден, әлемдік азық-түліктің, энергия ресурстарының бағасы өсуі және күрделенген логистика салдарынан әлемде артқан инфляциялық қысым дамыған елдердің орталық банктерін пайыздық мөлшерлемелерді неғұрлым жылдам көтеру траекториясына итермелеуі мүмкін. Екіншіден, Ресейге қатысты санкциялық риториканың ықтимал күшеюі дамушы елдердің тәуекел сыйлықақысын арттыруы мүмкін, бұл олардың валюталары, оның ішінде Қазақстанның валютасы құнсыздануына әкеп соғуы мүмкін. Осы орайда, әсіресе қысқа мерзімді перспективада инфляцияның жеделдеу тәуекелдері айтарлықтай артуда.

Бұдан басқа, сыртқы инфляция импортының, бірінші кезекте өндірістің импорттық құрамдас бөліктері жетіспеуі және қиындатылған логистикаға түріндегі санкциялардан бизнестің жұмыс істеуіндегі іркілістерге байланысты Ресейден инфляция импортының жоғары тәуекелі сақталып отыр. Оның үстіне, соңғы уақытта байқалып отырған азық-түлік тауарларының кең ауқымына әлемдік бағаның күшті өсуі аясында әлемдік азық-түлік инфляциясы импортының едәуір тәуекелі сақталып отыр. Әлемде астық көлемі ықтимал төмендеуі, шектелген экспорттық жеткізілімдер (әсіресе Украина төңірегіндегі тұрақсыз ахуалдың салдарынан) азық-түлік нарықтарында теңгерімсіздіктердің сақталуына немесе күшеюіне себепші болуы мүмкін. Сыртқы және ішкі бағалар арасындағы алшақтықтың ұлғаюы кейіннен Қазақстанда азық-түлік өнімдерінің бағасы артып өсуіне алып келуі мүмкін.

8-график. Сараптамалық тәсілге негізделген тәуекелдер картасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

Ресей рублінің динамикасына және Ресей валютасының жоғары құбылмалылығына теңгенің болжанатын тәуекел сыйлықақысының тәуелділігіне қарай теңгенің айырбастау бағамының әлсіреу тәуекелдері жоғары болып қалуда. Бұдан басқа, Ресей мұнайының экспортына ЕО тарапынан эмбаргосының әсері Қазақстанның мұнай экспортына және валюталық түсімінің төмендеуіне кері әсерін тигізуі мүмкін, бұл да теңге бағамы үшін теріс фактор болуы мүмкін. Осы факторлардың және жоғары азық-түлік инфляциясының ықпалынан орта мерзімді перспективада инфляциялық күтулердің тұрақтанбау тәуекелі сақталады.

ЖЖМ және ТКШ қызметтерінің бағасы өсуіне 2022 жылғы 1 шілдеге дейін мораторийі жариялануына қарамастан, ұсыныс факторлары тарапынан инфляцияның жеделдеу тәуекелі жоғары деңгейде қалып отыр. Мысалы, мораторий алып тасталғаннан кейін өндірістің рентабельділігін ұстап тұру және инвестицияларды қаржыландыру қажеттілігі салдарынан көрсетілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасы артып өсуі мүмкін. Бұл көтерілу Қазақстанда басқа да тауарлар мен қызметтерді өндіру шығасысы өсуіне әсер етуі мүмкін. Бұдан басқа, РФ-ға қарсы санкциялардың ықтимал әсерінен жеткізілімдердегі іркілістер де өндіріс шығасылары ұлғаюына және инфляция одан әрі жеделдеуіне әкелуі мүмкін.

Инфляцияны болжаудың маңызды қауіптерінің бірі-жұмсақ фискалдық саясат болып табылады. 2022 жылға бюджет шығыстары арттыру жағына қарай қайта қаралды, бұл олардың 2021 жылмен салыстырғанда 23,6% - ға өсті. 2023 жылы шығыстардың жоспарлы төмендеуіне қарамастан 2,5% - ға, 2022 жылдың жоғары базасын ескере отырып, жалпы шығыстар мөлшері жоғары болады. Төмен фискалдық тәртіп және өткен жылдардағы мерзімді шығыстарды ұлғаю жағына қайта қарауды ескере отырып, 2022-2023 жылдары бюджет параметрлерін кеңейту жағына қарай қосымша қайта қаралуы мүмкіндігін жоққа шығармайды. Бұл экономикада инфляциялық қысымның қосымша көзі бола алады.

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

9-график. 2021-2022 жылдардағы базалық мөлшерлеме дәлізі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

1.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер

2022 жылғы сәуірде Ұлттық Банк геосаяси тәуекелдер іске асырылуы, әлемде, сондай-ақ Қазақстанның сауда әріптес елдерінде баға өсуі және олардың ішкі бағаларға ауысуы аясында инфляциялық қысымның өсуі жағдайында монетарлық саясат жүргізуді жалғастырды. Елеулі проинфляциялық қысым қатарынан үшін жыл жалғасып отырған оң фискалдық импульс жағынан да сақталды. Аталған факторларды ескере отырып, 26 сәуірден бастап базалық мөлшерлеме 14% -ға дейін 0,5 п.т. көтерілді (9-график). Шешім инфляция 2022 жылғы ақпандағы 8,7%-дан 2022 жылғы наурызда 12%-ға дейін жеделдеуі аясында қабылданды. Бағаның өсуі барлық құрамдас бөліктер бойынша және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің кең ауқымы бойынша байқалды. Базалық инфляцияның айтарлықтай көтерілуі, өз кезегінде, проинфляциялық процестердің тұрақты сипатын көрсетті.

2022 жылдың маусым айында базалық мөлшерлеме 14% деңгейінде сақтылды. Шешім инфляциялық процестердің біршама баяулауы аясында және Ұлттық Банктің одан әрі дамыту жөніндегі елдегі экономика және инфляция жаңартылған болжамдарға негізделген. Наурыздағы күрт өсуден кейін айлық инфляция (3,7%) ағымдағы жылдың сәуір және мамыр айларында баяулау сәйкесінше 2% және 1,4% баяулады. Алайда инфляцияның баяулау үрдісі әлі де тұрақты емес, бірақ оның жылдық мәні әлі де жоғары деңгейде. Сонымен, жылдық инфляция өсу нәтижесінде 14% - ға жетті оның барлық компоненттеріне баға. Жахандық инфляция жағынан тәуекелдер сақталуда Тәуекелдердің ағымдағы балансын ескере отырып, базалық мөлшерлеменің сақталуы ішкі және сыртқы нарықта жаңа күйзелістер болмау жағдайында инфляцияның біртіндеп төмендеуіне ықпал етеді.

2.1. Ақша ұсынысы

Ақша ұсынысының өсуі баяулауда. Экономикаға қойылатын талаптарды қоспағанда, есепті кезеңде барлық құрамдас бөліктердің ақша массасының өсуіне қосқан үлесі теріс аймақта болды.

Ақша мультипликаторы 2020 жылдың басынан бері ең жоғары деңгейіне жетіп, көтерілуде.

Экономикадағы ақша массасы жыл басынан бері 1,1 трлн теңгеге (3,7%) төмендеп, сәуірде 29,0 трлн теңгені құрады (10-график). Ақша массасының өсу қарқыны жылдық мәнде бір мәндік мәнге дейін төмендеп, 2022 жылғы сәуірде 7,9%-ды құрады (2021 жылғы сәуірде – 20,8%).

Халық пен бизнесті кредиттеу ақша массасының өсуіне оң үлес қосты. Ақша массасының өсу қарқынының баяулауы үлесі көбінесе 2022 жылғы сәуірде теріс аймаққа өткен таза сыртқы активтердің төмендеуінен орын алды.

Ақша базасының өсу қарқыны жылдық мәнде алтын-валюта резервтерінің төмендеуінен, үкіметтің Ұлттық Банктегі қаражаты өсуінен 2022 жылғы ақпандағы 12,5%-дан сәуірде 0,9%-ға дейін баяулады.

Ақша массасының төмендеуімен салыстырғанда ақша базасының неғұрлым қысқаруы нәтижесінде ақша мультипликаторының (ақша массасының ақша базасына арақатынасы) 2020 жылдың басынан бері ең жоғары мәнге 2,9-ға дейін өскені байқалды (11-график).

2.2. Ақша нарығы

2022 жылдың басында айтарлықтай төмендегеннен кейін Ұлттық Банктің операциялары бойынша сальдо ноттар мен депозиттік аукциондар арқылы өтімділікті алып қою көлемі ұлғаюы есебінен өсті. Ақша нарығының мөлшерлемелері негізінен пайыздық дәліздің жоғарғы шекарасы мен базалық мөлшерлеме арасында қалыптасты.

ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо 2022 жылғы ақпанмен салыстырғанда үштен бірге өсіп, ағымдағы жылғы 20 мамырда 3,0 трлн теңгені құрады.

Ұлттық Банк сальдосының құрылымында алып қою көлемінің өсуі ноттар мен депозиттік аукциондар есебінен орын алды (12-график).

10-график. Ақша массасы, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

11-график. Ақша агрегаттарының өсуі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

12-график. Ұлттық Банктің операциялары бойынша ашық позиция, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

13-график. Пайыздық мөлшерлемелер дәлізі мен TONIA мөлшерлемесі



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

Есепті кезеңде ҚРҰБ кері репо операциялары бойынша ұсынатын өтімділік көлемі төмендеді, олардың орташа күндік көлемі 2022 жылғы наурыз-мамырда 196 млрд теңге болды (2021 жылғы желтоқсан - 2022 жылғы ақпан аралығында - 298 млрд теңге).

Ақша нарығының мөлшерлемелері Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты комитетінің 2022 жылғы сәуірдегі кезекті отырысында базалық мөлшерлемені көтергеннен кейін өсуді көрсетті (13-график).

Есепті кезеңде ақша нарығының мөлшерлемелері негізінен жекелеген кезеңдерде (сәуірдің бірінші аптасында және мамырдың ортасында) базалық мөлшерлемеден төмен төмендей отырып, дәліздің жоғарғы шегінде болды. TONIA барынша жоғары деңгейі геосаяси жағдайдың нашарлауы және валюта нарығындағы құбылмалылық кезеңінде: TONIA орташа мәні дәліздің жоғарғы шегіне жақындап, 14,45% болған 2022 жылғы 24 ақпаннан бастап 3 наурызға дейінгі кезеңде байқалды. Осы кезеңде TONIA мен базалық мөлшерлеме арасындағы спред 0,95 болды.

Валюта нарығындағы ахуалдың тұрақтануына қарай мөлшерлемелер төмендеді: TONIA мөлшерлемесі мен базалық мөлшерлеме арасындағы спред орта есеппен 3 айда (2022 жылғы наурыз-мамыр) 0,31 п.т. (2021 жылғы желтоқсан - 2022 жылғы ақпанда 0,48) болды.

2.3. Валюта нарығы

2022 жылғы наурыз-мамырда валюта нарығындағы ахуал сыртқы және ішкі факторлардың ықпалымен қалыптасты. Шикізаттың, материалдардың, азық-түліктің бағасы өсуінің жеделдеуі аясында дамыған елдердің орталық банктері негізгі мөлшерлемені көтере отырып, ақша-кредит талаптарын жедел түрде күшейтуге көшті. Бұл геосаяси жағдайдың нашарлауымен қатар долларды нығайтуға және қазынашылық облигациялардың кірістілігін арттыруға ықпал ете отырып, инвесторлардың тәуекелді активтерге деген жаһандық қызығушылығын төмендетті. Бұл ретте ең жоғары мәнге жеткеннен кейін наурыздың ортасында теңге бағамы нығайғанын көрсетті.

Геосаяси шиеленіс қаржы нарықтарында жоғары құбылмалылыққа және дамушы елдерден капиталдың әкетілуіне әкелді. АҚШ ФРЖ-ның негізгі

мөлшерлемесінің 0,75-1%-ға дейін 50 б.т. көтерілуі инфляцияның өсуі аясында күтілетін монетарлық талаптарды күшейтуді іске қосты. Бұл қазынашылық облигациялар кірістілігінің ақпанның соңындағы 1,82%-дан 2022 жылғы мамырдың соңындағы 2,85%-ға дейін өсуіне және АҚШ долларының нығаюына әкелді, бұл дамушы елдердің валюталарына қысым көрсетті (14-график).

2022 жылғы наурыз-мамыр аралығындағы кезеңде АҚШ доллары бағамының көпшілік валюталарға қатысты өсуі аясында алтын бағасының төмендеуі байқалды (15-график). Қытайда коронавирустың қайтадан таралуы және Украинадағы геосаяси оқиғалармен бірге КХДР-де жаңа штамның пайда болуы 2022 жылғы наурыз-мамырда мұнай бағамдарының бір баррель үшін 98,02-127,98 АҚШ доллары ауқымында құбылмалылығына себеп болды (16-график).

Инвесторлардың жаһандық тәуекел дәрежесі шиеленісті геосаясат аясында, сол сияқты Қытай мен КХДР-дағы эпидемиологиялық проблемалар аясында төмендеді. Мәселен, 2022 жылғы сәуірдің соңында Қазақстанның МБҚ-ға шетелдік инвесторлардың салымдары 485,7 млрд теңгеге дейін (қаңтардың соңында 543,8 млрд теңге) төмендеді. Қорытындысында бейрезиденттердің Қазақстанның МБҚ-ға инвестицияларының үлесі 3,2%-ға дейін төмендеді.

2022 жылғы наурызда ішкі валюта нарығында теңгерімді қолдау мақсатында Ұлттық Банк 990,5 млн АҚШ доллары немесе биржалық сауда-саттықтың жалпы көлемінің 29%-ы көлемінде валюталық интервенциялар жүргізді. Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін валюта сату да теңгені қолдап, наурызда 890,9 млн АҚШ долларын құрады.

Сонымен қатар валюталық нарықты тұрақтандыруға Қазақстаннан қолма-қол шетел валютасын және бағалы металдарды әкетуге шектеу қою, экспорттық түсімді міндетті түрде сату үлесін 50%-дан 75%-ға дейін арттыру жөніндегі шаралар да ықпал етті.

Жалпы алғанда наурыз-мамырда сыртқы нарықтардағы жоғары құбылмалылық нәтижесінде теңгенің айырбастау бағамы 414,79-512,17 теңге ауқымында өзгерді. Наурыз-мамырда биржалық сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 127,28 млн АҚШ долларын құрады

14-график. АҚШ-тың 10 жылдық МБҚ кірістілігі, АҚШ долларының индексі



Дереккөзі: Refinitiv

15-график. ЕМ валюталары индексінің, алтын (31.12.2019ж.=100) мен мұнай құнының динамикасы



Дереккөзі: Refinitiv

16-график. Теңге бағамының динамикасы және сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

17-график. Кірістіліктің тәуекелсіз қисығының өзгеруі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

18-график. Корпоративтік облигациялардың кірістілігі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

(2021 жылғы желтоқсан-2022 жылғы ақпанда – 173,4 млн АҚШ доллары, 2021 жылғы наурыз–мамырда – 131,3 млн АҚШ доллары).

Мұнайдың жоғары бағасы және Ұлттық Банк пен Үкімет қабылдаған валюта нарығын тұрақтандыру жөніндегі шаралар аясында ақпан-наурызда теңгенің айырбастау бағамы
15 наурыздағы бір АҚШ доллары үшін 512,2 теңге болған ең жоғары мәнінен мамырдың соңындағы бір АҚШ доллары үшін 415,16 теңгеге дейін айтарлықтай нығайды (16-график).

2.4. Қор нарығы

Геосаяси жағдай қор нарығындағы, әсіресе акциялар нарығындағы белгісіздікті сақтауда.

Ұлттық Банктің сәуірдегі базалық мөлшерлемені көтеру жөніндегі шешімі кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді сегменттерде жоғары көтерілуіне әкелді.

KASE_BMY корпоративтік облигациялар индексі есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 11,33-ке дейін 57,75 б.т. өсті.

Ұлттық Банктің сәуірдегі базалық мөлшерлемені 13,5%-дан 14,0%-ға дейін көтеру жөніндегі шешімі кірістілік қисығының қысқа мерзімді және орта мерзімді сегменттерде жоғары көтерілуіне әкелді. Базалық мөлшерлеменің көтерілуінен кейін ҚР Қаржыминінің орналастырылатын МБҚ кірістілігі қаңтар-ақпандағы жылдық 10,30-11,10%-дан 2022 жылғы наурыз-мамырдағы жылдық 12,5-14,5%-ға дейін өсті (17-график).

2022 жылғы наурыз-мамырда бастапқы нарықта МБҚ шығару 771,9 млрд теңгені құрады, оның ішінде ҚР Қаржымині 660,5 млрд теңге сомасына тартты. ҚР Қаржымині МБҚ шығарылымының негізгі көлемі өтеу мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі бағалы қағаздарға тиесілі, олардың үлесі 93%-ды құрады. Жергілікті атқарушы органдар 2022 жылғы наурыз-мамырда мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында 0,35-4,24%-бен 111,4 млрд теңге тартты.

Есепті кезеңде МБҚ сатып алушылар тарапынан ұстаушылар құрылымында өзгерістер байқалады. Институционалдық инвесторлардың үлесі айтарлықтай өсті, бұл ретте ЕДБ-нің қатысуы күрт төмендегені

көрінеді. Нарықта 2021 жылы пайда болған зейнетақы активтерін жеке инвестициялық басқарушылардың үлесі жалпы құрылымда әлі де аз, 1%-дан кем болып отыр.

Корпоративтік облигациялар нарығында орналастыру көлемі айтарлықтай төмендеді. 2022 жылғы наурыз-мамырда орналастыру көлемі небәрі 50,1 млрд теңгені құрады (2021 жылғы наурыз-мамырда – 221,5 млрд теңге). Орналастырылған облигациялар бойынша орташа алынған кірістілік 2022 жылғы ақпандағы 12,21%-дан сәуірде 16,35%-ға дейін (наурызда орналастырылмаған) және 2022 жылғы мамырда 15,03%-ға дейін өсті. KASE_BMY индексі есепті кезеңнің қорытындысы бойынша 11,33-ке дейін 57,75 б.т. өсті (19-график).

19-график. KASE индексі (2019 жылғы желтоқсан=100)



Дереккөзі: ҚҚБ

KASE индексі наурыз – мамыр аралығында жаһандық қор биржаларынан кейін 20,8%-ға (19-график) төмендеді. Негізгі себептер геосаяси жағдайдың нашарлауынан туындаған әлемдік және тауар нарықтарындағы белгісіздіктің жоғарылауы, сондай-ақ АҚШ ФРЖ мөлшерлемелерінің өсу циклінің басталуы болды.

Қаралып отырған кезеңде KASE индексінің өкілдік тізіміне кіретін барлық компаниялардың акциялары төмендегені көрінеді. Акциялар бағасының «Kcell» АҚ-да – 41,6%-ға, «ҚазТрансОйл» АҚ-да – 31,0%-ға, «Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ-да – 20,1%-ға ең жоғары төмендеуі байқалды.

20-график. Құрамдас бөліктердің депозиттер көлемінің өсуіне қосқан үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

2.5. Депозит нарығы

2022 жылдың басынан бастап баяулағанына қарамастан, депозиттердің жылдық мәндегі өсу қарқыны оң көрсеткішті көрсетіп отыр.

Биылғы жылғы наурыздан кейін ұлттық валютаның нығаюы, сондай-ақ валюталық салымдардың әкетілуі жалпы долларландыру деңгейінің 2013 жылдан бастап ең төменгі деңгейге дейін төмендеуіне алып келді.

Базалық мөлшерлеменің және депозиттік мөлшерлеменің артуы нәтижесінде банк секторындағы теңгелік салымдардың кірістілігі мен тартымдылығы өсті.

2022 жылдың басынан бастап депозиттік ұйымдардағы депозиттердің өсу қарқыны баяулап, сәуірде жылдық мәнде 8% болды (2021 жылғы желтоқсанда – 22,7%)

21-график. Депозиттерді долларландыру, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

22-график. Заңды тұлғалардың теңгемен депозиттері бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

23-график. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚРҰБ

(20-график). Заңды тұлғалардың, сол сияқты халықтың да ұлттық валютадағы салымдары өсудің негізгі қозғаушы күші болып қала беретініне қарамастан, олардың өсу қарқыны айтарлықтай баяулады. Бұл ретте 2022 жылдың басынан бастап салымдардың жалпы көлемі, оның ішінде Ресей банктерінің кетуі және зейнетақы аударымдарын алу шегін арттыру аясында қысқарды.

Валюталық баламадағы шетел валютасындағы депозиттер, яғни қайта бағалауды есептемегенде, жылдық мәнде 1,4%-ға төмендеді (теңгелік баламада 2,6%-ға өсті).

Долларландырудың жалпы деңгейі 2021 жылғы желтоқсандағы 36,0%-дан 2022 жылғы сәуірде 35,2%-ға дейін төмендеді. Төмендеуге ұлттық валютаның нығаюы және шетел валютасындағы қаражаттың әкетілуі ықпал етті. Корпоративтік сектордың долларлануы
2022 жылғы сәуірдің қорытындысы бойынша 2021 жылғы желтоқсандағы 37,6%-дан 36,1%-ға дейін, жеке тұлғалардікі – 34,4%-дан 34,2% -ға дейін төмендеді (21-график).

Базалық мөлшерлеменің жоғарылауынан кейін заңды және жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы 2022 жылғы сәуірде едәуір көтерілді. Мәселен, корпоративтік секторда тартылатын салымдарда негізгі үлесті иеленетін мерзімі 1 айға дейінгі салымдар (бизнестің барлық мерзімді теңгелік салымдарының 88,1%-ы) 2021 жылғы желтоқсандағы 7,4%-бен (2021 жылғы сәуірде 7,2%) салыстырғанда 2022 жылғы сәуірде 11,7%-ға дейін артты. Мерзімі 3 айдан 1 жылға дейінгі (10,2% үлесімен) депозиттер де 2022 жылғы сәуірде 7,5%-дан 11,0%-ға дейін (7,0%) ұлғайды. Мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі (0,5% үлесімен) ұзақ мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер 2022 жылғы сәуірде 8,1%-дан 9,6%-ға дейін (8,0%) ұлғайды (22-график).

Бөлшек сауда секторының салымдары бойынша мөлшерлемелер де көтерілді. Мерзімі 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша (39,9% тарту үлесімен) 2021 жылғы желтоқсандағы 8,4%-дан 2022 жылғы сәуірдегі 10,3%-ға дейін (2021 жылғы сәуірде 8,9%) өсті, мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі салымдар (43,7% үлесімен) бойынша 2021 жылғы желтоқсанда 8,6%-дан 11,4%-ға дейін көтерілді (9,5%). Сонымен қатар мерзімі 1 айға дейінгі қысқа салымдар (9,2% үлесімен) 2021 жылғы желтоқсандағы 7,8%-дан 11,8%-ға дейін өсті (7,7%) (23-график).

2.6. Кредит нарығы

Халық пен бизнесті теңгемен кредиттеудің артуы аясында кредиттік портфель өсуін жалғастырды. Бұл ретте ипотекалық кредиттер портфелінің өсуі қарқын алған кезде тұтынушылық кредиттердің өсуінің бәсеңдегені байқалды.

Ақша-кредит саясатын қатаңдатуға және қарыз алу құнының артуына қарамастан бизнестің кредиттік портфелі өсуін жалғастырды.

2022 жылғы сәуірде ЕДБ кредиттік портфелі жылдық мәнде 28,5%-ға өсіп, 19,4 трлн теңге болды.

Кредиттік портфельдің өсуіне негізгі үлесті жеке секторды теңгемен кредиттеу қосты. Бизнесті ұлттық валютамен кредиттеу де оның құнының өсуіне қарамастан ұлғайды (25-график).

Тұтынушылық кредиттеу жеке кредиттеудің негізгі қозғаушы күші болып қала береді (25-график). Бұл ретте, сәуірде тұтыну кредиттері портфелінің өсу қарқыны 2022 жылғы қаңтардағы 37,9%-ға қарағанда 35,6%-ға дейін бәсеңдеді, ал ипотекалық кредиттердің жылдық өсуі 49,8%-ға дейін (2022 жылғы қаңтарда - 39,3%) жылдамдады.

Сәуірде тұтыну кредиттерінің құны өткен жылғы сәуірдегі 19,8%-дан 18,9%-ға дейін төмендеді, ал ипотекалық кредиттердің құны 8,2% деңгейінде қалып отыр.

Сәуірде корпоративтік сектор кредиттерінің жылдық өсімі 12,1% болды. Шағын бизнесті кредиттеу бір жылда 60,4%-ға ұлғайып, бизнестің кредиттік портфелінің өсуіне негізгі үлесті қосты.

Ақша-кредит саясатының қатаңдауы аясында қысқа мерзімді сегментте бизнестің теңгедегі кредиттері бойынша орташа алынған мөлшерлеме өткен жылғы сәуірдегі 11,2%-дан 2022 жылғы сәуірде 15,1%-ға дейін өсті. Ұзақ мерзімді кредиттердің құны да 13,3%-дан 15,4%-ға дейін ұлғайды (26-график).

24-график. Экономикаға кредиттер, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

25-график. Құрамдас бөліктердің жеке сектордағы кредиттердің жылдық өсіміне үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

26-график. Ұлттық валютадағы кредиттер бойынша мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

1-бокс. Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға біржолғы зейнетақы төлемдерінің халықтың кредиттік портфеліне әсері

2017 жылдан бастап бөлшек кредиттер екі таңбалы қарқынмен өсуде. 2021 жылы халықтың кредиттік портфелінің өсуі 2008 жылдан бастап рекордтық өсімді көрсете отырып, 42,7%-ды құрады. Портфельдегі негізгі үлесті құрайтын тұтыну кредиттері мен ипотека 40%-ға өсті.

1-график. Жеке тұлғалардың кредиттік портфелінің жылдық өсу қарқынының серпіні

Дереккөзі: ҚРҰБ

Егер тұтынушылық кредиттеудің өсуі – бұл пандемияға дейін басталған трендтің жалғасы болса, онда 2021 жылдан бастап жеңілдікті ипотекалық кредиттеу бағдарламаларын, атап айтқанда «7-20-25», «Баспана хит» бағдарламаларын және «Отбасы Банкі» АҚ-ның меншікті жеңілдікті бағдарламаларын белсенді іске асыру аясында зейнетақы жинақтарын алу бағдарламасы негізінен ипотека портфелінің өсуіне ықпал етті. Мәселен, 2021 жылы тұрғын үй нарығындағы сатып алу-сату мәмілелерінің саны 2 есеге ұлғайып, 606 056 мәмілені құрады. Сондай-ақ, ағымдағы жылғы қаңтар-наурызда мәмілелер саны 147 743 құрады (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 28,1%-ға өсті).

Біржолғы зейнетақы төлемдерінің ипотекалық портфельге әсерін бағалау үшін пайдаланылған зейнетақы қаражатының мақсатын түсіну қажет. Мәселен, кредиттік портфельдің өсуіне тек кредит алу үшін зейнетақы қаражатын пайдалану ғана тікелей әсер ете алады, ал егер қаражат ипотекалық қарызды өтеуге бағытталса, онда бұл керісінше, кредиттік портфельді төмендетеді. Егер қаражат ипотекасыз тұрғын үй сатып алу үшін пайдаланылса, онда бұл кредиттеуге әсер етпейді (1-кесте).

1-кесте. Қосалқы мақсат бойынша төленген зейнетақы жинақтары

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған БЗТ қосалқы мақсаты	үлесі	ипотекалық портфельге әсері
Азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (толық есеп айырысу)	64%	=
Тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде)	4%	+
Ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті ішінара өтеу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде)	7%	-
Ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша берешекті толығымен өтеу (оның ішінде ислам банкінің қаржыландыруы шеңберінде)	1%	-
Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық тұрғын үй қарызын алу, ипотекалық тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыру	6%	+
Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық қарыз бойынша берешекті ішінара өтеу	5%	-
Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бойынша ипотекалық қарыз бойынша берешекті толығымен өтеу	1%	-
Одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылыс жинақтарына салымды толықтыру	8%	=
Басқа қосалқы мақсаттар	3%	
ЖИЫНТЫҒЫ	**100%**	

Дереккөзі: БЖЗҚ

Бағдарлама іске қосылған сәттен бастап 2022 жылғы сәуірге дейін төленген соманың негізгі көлемі, яғни 3,1 трлн теңгенің шамамен 2,0 трлн теңгесі немесе 64%-ы тұрғын үйді толық есептесумен сатып алуға бағытталды. Бұл ақша ипотекалық кредиттеуге тікелей әсер етпеді.

Ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарна ретінде, сондай-ақ тұрғын үй құрылысы жинақ жүйесі бойынша ипотекалық тұрғын үй қарызын алуға және ипотекалық тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыруға бағытталған қаражат көлемі тиісінше 113 және 202 млрд теңге болды. БЖЗҚ Бағдарлама қолданысқа енгізілген сәттен бастап 2022 жылғы сәуірге дейін ипотекалық қарыздарды

өтеу үшін шамамен 470 млрд теңге төледі. Егер бастапқы жарнаға жіберілген қаражат жаңа берілген қарыздардың 20%-ын құрады деп есептесек *(7-20-25 және Баспана Хит бағдарламалары аясында бастапқы жарна 20%-дан басталады)*, онда кредит көлемі 450 млрд теңгеге тең болады. Сондай-ақ, Отбасы Банкі шеңберінде тұрғын үй бағдарламалары қарыз сомасының 50%-ын жинақтауды көздесе, онда тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша ипотекалық тұрғын үй қарызын алуға бағытталған 202 млрд теңге банктің ипотекалық портфелін 202 млрд теңгеге өсіруі мүмкін. Осылайша, ипотекалық портфельдің әлеуетті өсу сомасы шамамен 652 млрд теңге болады. 470 млрд теңге көлеміндегі өтемді ескере отырып, ипотекалық портфельге нетто-әсер 182 млрд теңге немесе 2021 жылғы қаңтар – 2022 жылғы сәуір аралығында ипотекалық портфельдің өсуінен 14% мөлшерінде бағаланады.

Нәтижесінде 3,1 трлн теңге мөлшерінде алынған зейнетақы аударымдарының жалпы көлемімен салыстырғанда ипотекалық портфельге нетто-әсер аз болады.

Бірақ, ипотекалық портфельдің өсуіне зейнетақы қаражатының қайталама әсері ықпал етуі мүмкін. Ипотекалық кредитті өтеу немесе жылжымайтын мүлікті сату арқылы халықта артық қаражат пайда болады, ол қаражат ипотекаға жылжымайтын мүлікті сатып алуға жұмсалуы мүмкін. Зейнетақы жинақтары арқылы ипотека бойынша сатып алынған тұрғын үйді жақын арадағы 5 жылда сатуға мораторий жариялануына байланысты ипотекалық қарыз алудан гөрі тұрғын үйді тікелей сатып алу дұрыс болады. Осылайша, толық есептегенде тұрғын үй сатып алуға бағытталған 2,0 трлн теңге қаражаттың бір бөлігі жаңа ипотекалық қарыздар алуға пайдаланылуы мүмкін. Берілген ипотекалық қарыздардың динамикасын және тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелер санын талдау өзара жоғары байланысты көрсетеді (2021 жылдың басынан бастап осы жылғы сәуір аралығы кезеңіндегі арақатынасы - 78,3%). Осылайша, біржолғы зейнетақы төлемдерінің ипотекалық кредит беру динамикасына ықпалы едәуір болды.

2-график. Тұрғын үй сатып алу-сату мәмілелерінің және берілген ипотекалық кредиттердің серпіні

Дереккөзі: ҚРҰБ, СЖРА ҰСБ

Ипотекалық кредиттердің өсуінен басқа, тұтыну кредиттері де қарқынды өсті. Тұрғын үйді сатып алу аясында ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарларға сұраныс артты. Оған қоса, цифрландыруға байланысты тауарларды кредитке/бөліп төлеуге сатып алуды ресімдеу процесі оңайлатылды. Жалпы, 2017 жылдан бастап ипотека мен тұтыну кредиттері арасындағы өзара байланыс өте жоғары (шамамен 98,7%).

2022 жылғы сәуірде жеткіліктілік шегі артты, бұл зейнетақы жинақтарын алу мүмкіндігін азайтты. Жеткіліктілік шегінің өсуі туралы жаңалық ипотекалық кредиттеуге деген сұраныстың артуына алып келді және мәмілелердің ең көп көлемі биылғы жылғы наурызда жасалып, 407 млрд теңге болды. Биылғы жылғы сәуірде БЖЗҚ-дан тұрғын үй жағдайын жақсартуға төленген сома көлемі 7,6 млрд теңгеге дейін немесе 2021 жылғы сәуірдегі 253 млрд теңгемен салыстырғанда 33 есе азайды.

Төленген зейнетақы қаражатының одан әрі бағыттары бойынша деректердің болмауы зейнетақы қаражатының кредиттеудің ипотекалық және тұтынушылық портфельдеріне әсерін нақты бағалауды қиындатады. Бірақ, пайдаланылған қаражаттың тікелей әсерін және олардың қайталама әсерін ескере отырып, зейнетақы қаражаты халықтың кредиттік портфелінің өсуін жеделдетуге айтарлықтай ықпал етті деп қорытындылауға болады.

III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

3.1. Сыртқы сектор

Қытайдағы карантиндік шаралар іскерлік белсенділікті одан әрі қалпына келтіруді тежеді (27-график)

Биылғы жылғы сәуірде іскерлік белсенділіктің жаһандық индекстері бәсеңдеді. Елдер бойынша Қытайда қатты төмендеді, онда 2022 жылғы наурыз-сәуірде карантиндік шектеулер болды. Қалған елдерде өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтегі іскерлік белсенділіктің қысқаруы аса байқалған жоқ. Өндірушілер өндірістік шығындар мен сату бағаларының рекордтық мәнге дейін өскенін хабарлады.

Энергия тасымалдағыштар бағасының біршама төмендеуіне қарамастан, 2022 жылғы сәуірде жаһандық инфляция жоғары болып қалуда (28-график).

Азық-түлік, тұрғын үй және бензин бағасының өсуіне байланысты елдер тұтыну инфляциясының өсуін тіркеуді жалғастыруда. Қытайда инфляция қарқыны логистикадағы іркілістердің артуымен және азық-түлік бағасының өсуімен қатар жүрді. ЕО-да инфляцияның өсуіне негізгі үлесті энергия тасымалдағыштар қосып келеді. АҚШ-та бензин, тұрғын үй және азық-түлік бағасы барынша жоғары өсті.

Жеткізілім тапшылығы аясында мұнайдың әлемдік бағасы бір баррель үшін 100 АҚШ долларынан жоғары болып тұр (29-график)

Қазіргі уақытта мұнай бағасы, бір жағынан, әлемдегі маусымдық сұраныстың күшті болуына, екінші жағынан, геосаяси жағдай аясында Ресейден мұнай жеткізілімінің қысқаруына байланысты нығаюда. Қытай билігі жүргізіп отырған жаңа COVID-19 жағдайларына мүлдем төзбеушілік саясаты бағаның өсуін тежеуші фактор болып келеді. ЕО елдерінің Ресей мұнайы импортына эмбарго енгізуіне қатысты мәселе ашық күйінде қалып отыр.

27-график. Іскерлік белсенділіктің жаһандық композиттік индексі [1]



Дереккөзі: Bloomberg

28-график. Әлемнің кейбір елдеріндегі инфляция



Дереккөзі: ұлттық статистика қызметі

29-график. Brent маркалы мұнайдың бағасы, АҚШ долл. (орташа алғанда бір айда)



Дереккөзі: Bloomberg

[1] – значение индекса больше 50 означает рост показателя, меньше 50 – его снижение, равно 50 – его неизменность

30-график. Үй шаруашылықтарының номиналды тұтыну шығыстарының құрылымы



Дереккөзі: СЖРА ОСБ

31-график. Тұтыну шығыстарындағы тамақ өнімдерін сатып алуға арналған үй шаруашылықтары шығыстарының үлесі,%-бен



Дереккөзі: СЖРА ОСБ

32-график. Бөлшек сауда тауар айналымының динамикасы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ОСБ, ҚРҰБ есептері

3.2 Ішкі экономиканы дамыту

2021 жылы нақты тұтынушылық сұраныс қалпына келтіру динамикасы арқылы сипатталды. Өткен жылдың екінші жартысында оның көлемі пандемияға дейінгі деңгейге жетті.

Пандемия басталғаннан бері айтарлықтай өзгерген тұтыну шығыстарының құрылымы стандартты нысанға қайта оралмады. Азық-түлік инфляциясының жоғары болып тұрған кезде барлық тұтыну шығыстарының 55%-нан астамы үй шаруашылықтарының тамақ өнімдеріне арналған номиналды шығыстарына тиесілі болып отыр (30-график).

Бұл ретте карантиндік шектеулердің алып тастауға, кірістер өсімінің қалпына келуіне және соған орай үй шаруашылықтарының тұтыну белсенділігінің жандануына байланысты өзінің тұтыну шығыстарының 60%-дан астамын азық-түлікке жұмсайтын Қазақстан халқының үлесі азая бастады. 2021 жылғы төртінші тоқсанда мұндай халықтың үлесі 2020 жылдың басындағы деңгейге қайта оралды (31-график).

Биылғы жылдың басында елдегі эпидемиологиялық ахуал жақсарды (наурызда жаңа жұқтыру жағдайлары өте аз болды). Бұл тұтынушылық сұраныстың одан әрі кеңеюіне қолайлы болды. Сонымен қатар, биылғы жылғы бірінші тоқсанда Қазақстандағы қаралы қаңтар оқиғасы және одан кейін еліміздің көптеген өңірлерінде орын алған төтенше жағдай режимі сұранысқа кері әсерін тигізді. Мәселен, осы жылғы қаңтарда бөлшек сауда айналымы төмендеді, атап айтқанда, азық-түлік өнімдерінің тауар айналымы 17,2%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлардың тауар айналымы 15,1%-ға қысқарды. Биылғы жылғы ақпан-наурызда ТЖ режимін алып тастағаннан кейін азық-түлікке жатпайтын тауарлардың тауар айналымы қарқынды өсе отырып, қалпына келді. Бірақ, азық-түлік өнімдерінің тауар айналымының динамикасы 2022 жылғы сәуірге дейін төмендеу аймағында қалды. 2022 жылғы сәуірде азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауар айналымының өсуі тиісінше 7,7% және 17,8% болды (32-график).

Нақты жалақының екі мәнді өсуі, қазіргі трансферттерге бюджеттің жоғары шығыстарының сақталуы және зейнетақыларды жыл сайынғы индекстеу аясында халықтың нақты кірісі ұлғайып келеді (33-график). 2022 жылғы бірінші тоқсанда нақты

жалақы жылдық мәнде 12,7%-ға дейін жылдамдады. Мұндай қарқынды өсудің кейбір себебі ең төменгі жалақының 60 мың теңгеге дейін өсуі, алдыңғы 42,5 мың теңге көлеміндегі деңгеймен салыстырғанда 41,2%-ға өскен.

Жалдамалы қызметкерлерді жалақы бойынша бөлу статистикасына сәйкес жалақы деңгейі 60 мың теңгеден төмен жалдамалы қызметкерлердің үлесі 2021 жылы шамамен 7,7% болды (34-график). Бұл ЕТЖ-ның көбеюі барынша оң әсер етуге тиіс болатын жалдамалы қызметкерлер бөлігі. Салалар бойынша жалдамалы қызметкерлердің бұл санаты ауыл шаруашылығында, жылжымайтын мүлікпен операцияларда, өнерде, ойын-сауықта және демалыста, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында шоғырланған. Жалпы, жалдамалы қызметкерлердің көп бөлігі жалақысы 150 мың теңгеден 180 мың теңгеге дейінгі аралықта бөлінген.

2022 жылғы бірінші тоқсанда номиналды жалақының жылдық өсімі 23,7% болды. Экономикадағы номиналды жалақының өсуіне ЕТЖ өсімінің үлесі 7,5 п.т. (ҚРҰБ бағалау бойынша) болды. ЕТЖ көтерілуі негізінен экономиканың аз төленетін салаларына – ауыл шаруашылығына, сумен жабдықтау, ойын-сауық, демалыс және өнер саласына әсер етті.

ЕТЖ-ның көтерілуі қызметкерлерге жоғары ақы төленетін экономика салаларына - кәсіби ғылыми-техникалық қызметке, тау-кен өндіру өнеркәсібіне, қаржы және сақтандыру саласына барынша аз әсер етті (35-график).

33-график. Халықтың нақты кірістерінің және оның құрамдас бөліктерінің динамикасы, ж/ж %



Дереккөзі: СЖРА ОСБ, ҚРҰБ есептері

34-график. 2021 жылы жалдамалы қызметкерлерді жалақы деңгейі бойынша бөлу[2], %



Дереккөзі: СЖРА ОСБ

35-график. Номиналды жалақының өсуіне ЕТЖ өсуінің үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ОСБ, ҚРҰБ есептері

[2]*СЖРА ОСБ толық жұмыс істеген қызметкерлердің нақты саны бойынша деректерді қалыптастырады және жариялайды*

36-график. Негізгі капиталға инвестициялар, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ОСБ

37-график. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар және жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалар, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ОСБ

2022 жылы экономикадағы инвестициялық белсенділік оң серпінді сақтап қалды. Құрылысқа, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына инвестициялар экономикадағы негізгі капиталға салынатын инвестициялардың негізгі көзі болып қала береді. Инвестициялардың технологиялық құрылымындағы құрылыс-монтаж жұмыстары оның неғұрлым орнықты бөлігі болып табылады және соңғы он жылда оның өсуіне оң үлес қосып келеді. Сонымен қатар, инвестициялардың тұрақсыздау бөлігіне негізгі өндірістік қорларды жаңартуға салынатын инвестициялар жатады. Биылғы жылғы бірінші тоқсанда ол құбылмалы динамиканы сақтай отырып, инвестициялардың өсуіне теріс үлес қосты.

Тау-кен өндіру өнеркәсібіне инвестициялардың оң үрдісі сақталды және салалар бойынша инвестициялардың өсуінің негізгі себебі болды (36-график). Соңғы екі жылда өскен өңдеу өнеркәсібіне инвестициялар 2022 жылы едәуір төмендеу аймағында тұр. Байланыс, тұру және тамақтану қызметтерін, сондай-ақ қаржы және сақтандыру қызметін қоспағанда, нақты сектордың басқа салаларына инвестициялар өсіп, экономика бойынша инвестициялардың өсуіне оң үлес қосуда.

Халықтың инвестициялық белсенділігі екі мәнді қарқынмен өсіп келеді. Тұрғын үй құрылысына инвестициялар 2021 жылдың соңында сәл бәсеңдегеннен кейін 2022 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша қайта үдеді (37-график). БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтарының бір бөлігін пайдалану шеңберінде ең төменгі жеткіліктілік шегінің өзгеруіне байланысты дүрбелең сұраныс аясында 2022 жылғы қаңтардан бастап наурызға дейінгі аралықта 9,8%-дан 42%-ға дейін жылдамдағаны байқалды. Осыған орай жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама нарықтарында бағаның өсу үрдісі сақталды. Бұл ретте жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама нарықтарындағы бағалардың өзгеру жылдамдығы арасындағы дифференциал төмендеп, бастапқы нарықтағы бағалардың өсу қарқыны жылдық мәнде 20%-дан асты.

2022 жылғы қаңтар-наурыздағы сыртқы сауда айналымы 2015 жылдан бері көбінесе экспорт және импорт бағаларының өсуі себебінен ең жоғары мәнде тұр. Әлемдегі тұрақсыз геосаяси жағдай, шикізат бағасының бірден қымбаттауы және теңге бағамының құнсыздануы сыртқы бағаның өсуіне басты үлес қосты.

2022 жылғы бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша экспорт жылдық мәнде 65,8%-ға ұлғайып, 19,1 млрд АҚШ долларын құрады (38-график). Ұлғаюға түрткі болған мұнай экспортының құндық мәнде 98%-ға өсуі, бұл ретте заттай мәнде өсу 11,8% болды. Елдер бойынша мұнай экспортының нақты көлемі Италияға - 39%, Кореяға - 2,9 есе және Сингапурға - 4,7 есе ұлғайды (39-график).

Астық дақылдары арасында көрші елде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыру шеңберінде Өзбекстанға, сондай-ақ екінші жыл қатарынан орын алған құрғақшылық аясында Иранға жеткізудің өсуі нәтижесінде бидай экспортының 63,4%-ға өскені байқалды. Сонымен қатар, күріш пен арпаны жеткізу төмендеді. Азық-түлік құрылымында Ауғанстанға ұнды жеткізу экспорты 41,6%-ға, Қытайға тоңмай мен май жеткізу экспорты 2,9 есе өсті.

Қара металдар құрылымында ферроқорытпалар экспортының төмендегені және жалпақ прокат экспортының өскені байқалды. Түсті металдар құрылымында алюминий, мырыш, мыс экспорты ұлғайды.

2022 жылғы қаңтар-наурызда импорт 16,5%-ға артып, 9,5 млрд доллар деңгейінде қалыптасты. Елдер бойынша импорттың Қытайдан 22,5%-ға, Ресейден 11,8%-ға және ЕО елдерінен 2,4%-ға өскені байқалады (40-график).

Азық-түлік тауарларында ет импортының көлемі қысқарды, сонымен қатар сүт импорты ұлғайды. Бразилиядан жеткізудің қысқаруы аясында қант импорты бірден қысқарды. Ресейден жеткізудің артуы нәтижесінде алкогольсіз сусындар импорты өсті.

Азық-түлікке жатпайтын тауарларда дәрі-дәрмектер, телефон аппараттары мен үй жиһаздары импортының өскені байқалды. Сонымен қатар, тазалау және жуу құралдарын, гигиеналық және косметикалық заттарды жеткізу төмендеді. Бұдан басқа, негізінен Қытайдан импорттың төмендеуі есебінен киім импортының қысқарғаны байқалды. Есептеу машиналарының, мониторлар мен проекторлардың импорты азайды.

Аралық тауарларда Ресейден тыңайтқыштар, Қытайдан шиналар мен қақпақтар импорты ұлғайды. Инвестициялық тауарларда Қытай мен Таиландтан жүк моторлы көлік құралдары жеткізу артты. Екінші жағынан, табиғи газ, әуе сорғылары мен трансформаторлар импорты төмендеді.

38-график. Жинақталған қорытындымен тауарлардың негізгі топтары бойынша экспорт, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ОСБ

39-график. Елдер бойынша 2022 жылғы 1-тоқсандағы мұнай экспорты, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

40-график. 2022 жылғы 1-тоқсанда елдердің импорттағы үлесі және жылдық мәнде импорт көлемінің өзгеруі



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

41-график. Экспорттық бағалар индексі, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

42-график. Импорттық бағалар индексі, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

43-график. Жұмыссыздық деңгейі және уақытша жұмыспен қамтылмаған халық

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

2022 жылғы бірінші тоқсанда тұрақсыз геосаяси ахуал аясында биылғы жылғы ақпандағы 43,2%-дан биылғы жылғы наурызда 55,5%-ға дейін экспорттық жеткізу бағасының жылдық өсуі айтарлықтай жеделдеді (наурызда өсім 15,7%, а/а болды). Ауыл шаруашылығында
2022 жылғы қаңтар-наурыз айларында бидай мен күріштің, ұн тарту-жарма өнеркәсібінде ұнның экспорттық бағасының өсуі айтарлықтай жеделдеді. Минералды өнімдердің арасында шикі мұнай, тас көмір және табиғи газ бағасының өсуінің жеделдеуін атап өтуге болады. Металдарда мыс, алюминий, қорғасын және мырыш бағаларының өсуі байқалды (41-график).

Теңге бағамының әлсіреуіне байланысты импорт бағасының жылдық өсуі 2022 жылғы наурызда 13,4%-ға дейін (ақпанда – 12,3%) біршама жеделдеді. Азық-түлік өнімдерінде ет, ірімшік, сүзбе және қант бағаларының өсуі жеделдеді. Азық-түлікке жатпайтын тауарларда дәрі-дәрмек бағасы жылдам қарқынмен өсті, бірақ жеңіл автомобильдер бағасының өсуі баяулады. Инвестициялық тауарларда теңгенің рубльге қатысты нығаюы аясында құрылыс материалдары бағасының өсуі айтарлықтай баяулады (42-график).

3.3 Еңбек нарығы

2022 жылғы бірінші тоқсанда еңбек нарығындағы жағдай бейтарап ретінде сипатталды. Жұмыс күшінің саны 0,4%-ға артты. Оның құрылымында жұмыспен қамтылғандар саны да, жұмыссыз халық саны да өсті. Жұмыссыздық деңгейі өзгеріссіз қалып, 4,9%-ды құрады (43-график).

2022 жылғы бірінші тоқсанда жұмыспен қамтылған халықтың көбеюі өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың да, жалдамалы қызметкерлердің де өсуінің нәтижесі болды. Бұл ретте жалдамалы қызметкерлердің өсуі өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың көбеюінен сәл озып кетті.

Жалпы экономика бойынша жалдамалы қызметкерлердің өсуіне қарамастан, салалық бөліністе экономика секторларының жартысында жалдамалы қызметкерлер санының төмендеуі байқалды (44-кесте, 1-топ).

Құрылыс, көлік және өнер, ойын-сауық және демалыста пандемия басталғаннан бері жағымсыз динамика сақталып келеді. Бұл ретте экономиканың осы секторларында пандемия кезеңінен бастап өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың айтарлықтай ұлғаюы байқалады, бұл жалдамалы қызметкерлердің өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатына немесе экономиканың басқа секторларына ағылғанын көрсетеді. Осыған ұқсас үрдіс сумен жабдықтау, газбен және бумен жабдықтау саласында да байқалады.

Ауыл шаруашылығында, әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету бойынша қызметтерде, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық арасында да, жалдамалы қызметкерлер арасында да жұмыспен қамтудың қысқаруы байқалады.

Жалдамалы қызметкерлер санының тез өсуі есебінен салалардағы жұмыспен қамту жағдайының жақсаруы қаржылық, сақтандыру қызметін қоспағанда, екінші топтың секторларында (44-график), сондай-ақ өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың саны ұзақ уақыттан бері өсіп келе жатқан ақпарат пен байланыс саласында байқалады.

Еңбек нарығындағы ахуалдың тұрақтануы және экономиканың көптеген салаларында жұмыспен қамтудың өсуі елде уақытша жұмыссыздар санының төмендеуіне әкелді (43-график). Уақытша жұмыссыз халықтың қысқаруы аясында жұмыс күшінің Қазақстанда жұмыспен қамту органдарының қызметіне сұранысы 2020 жылмен салыстырғанда төмендеп, 2019 жылғы деңгейге оралды (45-график).

2022 жылғы бірінші тоқсанда экономикадағы іскерлік белсенділік 4,4%-ға, жұмыспен қамтудың неғұрлым ұстамды өсуі кезінде – 0,4%-ға дейін ұлғайып, жоғары өсімді көрсетті. Жұмыспен қамтудың бірқалыпты динамикасымен салыстырғанда ЖҚҚ-ның осындай озық өсуі нәтижесінде экономиканың көптеген секторларында еңбек өнімділігі индекстерінің мәні 2019 жылғы дағдарысқа дейінгі деңгейге жетті (2019 жылға дейін еңбек өнімділігі тұрақты өсім қарқынын көрсетті).

44-график. 2022 жылғы 1-ші тоқсанда ЭҚТ бойынша жалдамалы қызметкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың жұмыспен қамтылуға қосқан үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

45-график. Халықты жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеп жүрген адам ретінде жүгінгендер, мың адам

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

46-график. 2021 жылғы ЭҚТ бойынша еңбек өнімділігі және нақты жалақы, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

Сонымен қатар, экономикадағы еңбек өнімділігінің өсуіне қарамастан, оның өсу қарқыны нақты жалақының екі таңбалы өсу қарқынынан аспайды. Сондай-ақ, экономиканың кейбір салаларында жұмыспен қамтумен салыстырғанда саладағы қосылған құнның артта қалуына не іскерлік белсенділіктің теріс динамикасының сақталуына байланысты еңбек өнімділігінің теріс үрдісі әлі де байқалады.

Осылайша, сумен жабдықтауды және өзге де қызметтерді қоспағанда, экономиканың барлық салаларында нақты жалақының еңбек өнімділігінің өсуінен озық өсуінен көрінетін инфляциялық қысым белгілері байқалады (46-график).

2-бокс. Геосаясат және Қазақстанның нақты секторы

Іскерлік ахуалды зерттеу және экономикалық конъюнктураның өзгеруін бағалау үшін Ұлттық Банк тоқсан сайын нақты сектор кәсіпорындарына сауалнама жүргізеді. Биылғы жылғы сәуірде өткізілген сауалнамаға (2022 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша) геосаяси жағдайдың қазақстандық бизнеске әсері туралы сұрақтар енгізілді, оларға еліміздің барлық өңірлерінен 3000-нан астам түрлі саладағы кәсіпорындар жауап берді.

Кәсіпорындардың көпшілігі (50,3%) геосаяси жағдай мен Ресей Федерациясына қарсы енгізілген санкциялар олардың қызметіне теріс әсер еткенін, 11,5% -ы олардың бизнесі едәуір дәрежеде зардап шеккенін атап өтті. Сонымен қатар, респонденттердің 41,2%-ы геосаяси жағдайдың олардың қызметіне ешқандай әсер етпегенін атап өтті. Бизнеске жаңа мүмкіндіктердің пайда болуына байланысты оң әсерін тек 24 кәсіпорын (0,8%) атап өтті.

Қызмет көрсету, байланыс және ақпарат кәсіпорындары геосаясатқа ұшырамады, себебі олардың көпшілігі (73,4%) жағдайдың өз бизнесіне әсер етпейтінін мәлімдеді. Өңдеуші өнеркәсіп неғұрлым ұшырағыш болып шықты, мұнда респонденттердің 62,5%-ы теріс әсерін сезінген. Импорттаушы кәсіпорындар арасында бұл үлес одан да жоғары (70,4%) қалыптасты, бұл ретте олардың басым көпшілігі (86,1%) шетелдік әріптестермен есеп айырысуда Ресей рублін пайдаланады.

Теріс әсерін көрген кәсіпорындар санының көпшілігі 2022 жылғы 1-тоқсанда теңгенің әлсіреуіне байланысты шығасылардың ұлғаюын көрсетті (28,7%), сондай-ақ респонденттер белгісіздік жағдайында шешімдер қабылдаудың күрделілігін (24,4%), логистикамен проблемаларды (21,6%), ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асырудағы қиындықтарды (21,5%) атап өтті. (1-сурет)

Неғұрлым зардап шеккен кәсіпорынның статистикалық портреті - өңдеуші өнеркәсіптен, әріптестермен есеп айырысуда Ресей рублін пайдаланатын ірі импорттаушы кәсіпорын.

1-сурет. Геосаяси жағдай әсерінің салдары

Дереккөзі: ҚРҰБ деректері және есептеулері

47-график. Инфляция динамикасы, %



Дерекқөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

**- Сезонная корректировка проведена при помощи метода X-12-ARIMA с 2011 года по настоящее время*

48-график. Азық-түлік инфляциясының динамикасы, %



Дерекқөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

49-график. Тауарлардың азық-түлік инфляциясына үлесі, ж/ж, %



Дерекқөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

3.4. Инфляция

2022 жылғы мамырдың қорытындысы бойынша инфляцияның барлық құрамдас бөліктеріне бағаның өсуі аясында жылдық инфляция 14%-ға дейін жеделдеді (47-график). Жалпы жылдық инфляцияның жеделдеуіне азық-түлік тауарлары бағасының өсуі едәуір үлес қосты, ол биылғы жылғы мамырда 19%-ды құрады. Сондай-ақ азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен ақылы қызметтер бағасының өсуі жеделдеді – тиісінше 11,9% және 9,1%-ға дейін.

2022 жылғы мамырдың қорытындысы бойынша азық-түлік тауарлары бағасының жылдық өсімі 19%-ды құрады (48-график). Тауарлар бөлінісінде нан-тоқаш өнімдері мен жармалар, қант және кондитерлік өнімдер, сондай-ақ сүт өнімдері бағасының өсуінің айтарлықтай жеделдеуі байқалды.

2022 жылғы мамырда азық-түлік инфляциясына жеміс-жидек пен көкөніс, ет, қант, нан-тоқаш өнімдері мен жарма бағасының өсуінің жалпы үлесі 12,9 п.т. құрады (49-график).

Өндірушілер бағасының жоғары өсу қарқыны сақталған (2022 жылғы сәуірде 9,5%) және жемшөп дақылдарының айтарлықтай қымбаттауы жағдайында ет бағасының өсуі жалғасты. 2022 жылғы сәуірде ФАО-ның ет индексі жылдық мәнде 16,8%-ды құрап, индекс басталғалы бері рекордтық мәнге жетті. Аталған факторларды, сондай-ақ 2021 жылы дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар түсімінің 18,4%-ға және қорлардың 2022 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша 15,8 ж/ж төмендеуін ескере отырып, ет бағасының одан әрі өсу тәуекелдері сақталуда.

2022 жылғы наурызда өндірушілер бағасының баяулауы, дүрлікпе сұраныстың құлдырауы және бағаның маусымдық өзгеруі аясында биылғы жылғы мамырда көкөністің тұтыну бағасы жылдық мәнде 29%-ға дейін баяулады. Бір айда көкөніс бағасының мамырда 8,6%-ға төмендеуіне қарамастан, 2022 жылғы наурыздағы бағаның айлық өсуі 2021 жылғы маусымдағы күрт өсуден 19,7%-ға асып түсті, соның салдарынан жылдық көрсеткіштер жоғары деңгейде қалып отыр. Наурызда бағаның өсуі бірінші кезекте ашық топырақта өсетін көкөністердің (картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қырыққабат) қымбаттауына байланысты болды.

2022 жылғы көктемгі кезеңде қант бағасының (наурыздан мамырға дейінгі кезеңде 47,7%-ға) бірден

көтерілуі тіркелді, 2022 жылғы мамырда жылдық өсім 59,9%-ға жетті. Мұндай динамиканың негізгі себебі ұсыныс тапшылығы мен өсіп келе жатқан әлемдік сұраныс жағдайында әлемдік бағалардың өсуінің жеделдеуі болды.

2022 жылғы сәуірде ФАО қант индексі бағасының жылдық өсуі 21,8%-ды құрады. Сондай-ақ, ҚР-дағы ең ірі қант импорттаушы Ресей Федерациясының биылғы жылғы 15 наурыздан 31 тамызға дейін аталған тауарды елден тысқары шығаруға тыйым салуы да елеулі проинфляциялық қысым көрсетуде. Бұдан басқа, 2022 жылғы мамырда ірі қант өндірушілердің бірі Үндістан үкіметі ішкі бағаның бірден өсуі аясында қант экспортына тыйым салынатынын жариялады.

Ұн тарту-жарма өнімдеріне тұтыну бағасының жылдық өсуі 2022 жылғы мамырда 28,6%-ға дейін жеделдеді, бұл ретте өндірушілер бағасы сәуірде 29,8%-ға дейін жеделдеді. Бұдан басқа, әлемдік баға жоғары деңгейде сақталып отыр (биылғы жылғы сәуірде ФАО астық индексі 34,3%-ға өсті), 2021 жылғы түсімнің төмендігін ескере отырып, дәнді және бұршақты дақылдар қоры төмендеуде. Мұндай жағдайларда осы нарықтағы инфляциялық қысым жоғары деңгейде қалады. Бұл ретте дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар ұсынысының төмендеуі өндірісінде ет, сүт өнімдері, нан-тоқаш өнімдері мен жұмыртқаларды қоса алғанда, олар пайдаланылатын тамақ өнімдерінің кең түрінің баға динамикасына теріс әсер етуі мүмкін екенін ескеру қажет.

2022 жылғы мамырда **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасының жылдық өсуі 11,9%-ға дейін жеделдеді (50-график). Жеткізулердің логистикалық тізбектеріндегі үзілістерге, сондай-ақ геосаяси жағдай әсерінің белгісіздігіне байланысты импорттық тауарлар бағаларының бірден көтерілуі орын алды.

Сонымен қатар ЖЖМ бағасын әкімшілік реттеу азық-түлікке жатпайтын құрамдас бөлікке дезинфляциялық әсер етуін жалғастыруда. 2022 жылғы мамырда қатты отынның, автомобильдердің, ЖЖМ, киім мен аяқ киімнің жылдық азық-түлікке жатпайтын инфляцияға үлесі 4,9 п.т. құрады (51-график). 2022 жылғы наурызда азық-түлікке жатпайтын құрамдас бөліктердің барлық тауарлық топтарында бағаның өсуі байқалды, бұл көбінесе әлемдегі геосаяси жағдайдың күрт нашарлауы, сондай-ақ туындаған дүрлікпе сұраныстың аясында теңгенің айырбастау бағамының әлсіреуіне байланысты болды.

50-график. Азық-түлікке жатпайтын инфляцияның серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

51-график. Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

52-график. Сервистік инфляция серпіні, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

53-график. Ақылы қызметтердің инфляцияға үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

54-график. Инфляция және күтілетін инфляция, ж/ж,%



Дереккөзі: ҰЭМ СК, FusionLab

2022 жылғы мамырда **ақылы қызметтер** бағасының жылдық өсу қарқыны 9,1%-ға дейін жеделдеді (52-график). Амбулаториялық қызметтерге, білім беруге, тұрғын үйді жалға алуға және реттелетін коммуналдық қызметтерге бағаның өсу үлесі жылдық сервистік инфляцияға 4,4 п.т. болды (53-график). Бұл ретте газ және байланыс қызметтері бағасының өсуінің баяулауы байқалады.

Реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтер бағасының көтерілуіне мораторий енгізу 2022 жылдың басында сервистік компонентке дезинфляциялық қысым көрсетуді жалғастыруда. Осы санаттағы қызметтер бағасының жылдық өсуі өткен жылдың мамыр-тамыз айларындағы күрт жылдамдатудан кейін ағымдағы жылдың мамыр айында 3,5%-ға дейін баяулады. 2022 жылғы сәуірде электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондицияланған ауамен жабдықтау қызметтерін өндірушілер бағасының өсуі 9,8%-ға дейін баяулады.

Жоғары сұраныстың сақталуы, сондай-ақ абаттандырылған тұрғын үй мен құрылыс материалдарының қымбаттауы нәтижесінде ағымдағы жылғы сәуірде жалдау ақысының өсуі жылдық көрсетуде 24%-ға ж/ж дейін жылдамдатылды, айлық көрсетуде өсу 1%-ды құрады.

Эпидемиологиялық ахуалдың жақсаруы, ұйымдар мен кәсіпорындар жұмысының кәдімгі режимінің қалпына келуі тұтынушылық сұраныстың өсуімен бірге мейрамханалар мен қонақ үйлер қызметтері құнының 14,4%-ға, шаштараз қызметтері – 11,6%-ға, әуе жолаушылар көлігі – 28,2%-ға өсуіне ықпал етті.

Ағымдағы жылғы наурыз-сәуірде халықтың инфляциялық күтулері көтерілді. Инфляцияны сандық бағалау (квантификациялау) 2022 жылғы наурыз-сәуірде бір жыл бұрын 11,4%-ды құрады (54-график). Респонденттердің жартысы келесі 12 айда (53%) бағаның өсуінің ағымдағы қарқынының жеделдеуін не сақталуын күтеді. Бір жыл аралығында бағаның өсуін күтетін респонденттер мұны негізінен айырбас бағамының өзгеруімен, азық-түлік өнімдерінің қымбаттауымен және сыртқы оқиғалармен байланыстырады.

Инфляцияны қабылдау соңғы айларда жоғары деңгейде сақталып отыр. Сыртқы жағдайлардың өзгеруі, жекелеген азық-түлік өнімдерінің күрт қымбаттауы дүрлікпе жағдай аясында наурызда жағдайдың нашарлауына және инфляцияны

қабылдауға әсер етті, бұл сәуір айында да жоғары деңгейде сақталды. Бұл ретте халық азық-түлікке (қант, жеміс-жидек және көкөніс, нан-тоқаш өнімдері) ғана емес, киім-кешекке, аяқ киімге, тұрмыстық химияға, автомобильдер мен жинақтауыштарға, көлік, кафе және мейрамхана қызметтеріне де бағаның өсуін атап өтті.

3-бокс. Инфляцияның құбылмалылығы

Инфляциялық таргеттеу орта мерзімді перспективада (1-2 жыл) инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізуден басқа, өздігінен инфляциялық процестерді қалыптастырудың маңызды факторы болып табылатын инфляциялық күтулердің қысқаруын білдіреді. Бұл ретте инфляцияның белгілі бір мәндерге жақындығы ұзақ болған жағдайда инфляциялық күтулер уақыт өте келе осы мәндердің айналасында қалыптастырылады. Осыған байланысты инфляцияның өз мақсатынан ауытқу шамасын қадағалау және осындай «тұрақсыздықтың» сипаттамасы немесе көрінісі болуы маңызды.

Инфляцияның құбылмалылық өлшемі ретінде инфляцияның мақсаттан ауытқуын және осы ауытқудың дисперсиясын қарауға болады (инфляцияның нысаналы деңгейі тұрақты болғандықтан, инфляцияның ауытқу дисперсиясы инфляцияның өзінің дисперсиясымен сәйкес келеді). 2011-2017 жылдар кезеңінде таргет ретінде дәліздің ортасы 6-8%, 2018 жылы дәліздің ортасы 5-7%, 2019 жылдан бастап дәліздің ортасы 4-6% таңдалды, бұл Қазақстандағы инфляция бойынша ресми мақсаттарға сәйкес келді. Белгілі бір айға арналған шамалар дисперсиясы уақыт бойынша құбылмалылықты үздіксіз көрсету мақсатында соңғы 24 айдағы жылжымалы дисперсия ретінде қарастырылды. Осы немесе басқа индекстің көп компоненттері үшін қосарланған ковариацияларды егжей-тегжейлі қараудың жарамсыздығына байланысты барлық ковариациялар бір компонентке біріктірілді және индекс дисперсиясы мен дисперсия таразысының шаршылары бойынша өлшенген индекс компоненті арасындағы айырма ретінде есептелді.

Қаралып отырған 2011 жылғы қаңтар – 2022 жылғы сәуір және оның кіші кезеңдері 2011 жылғы қаңтар – 2015 жылғы қыркүйек, 2015 жылғы қазан – 2016 жылғы желтоқсан, 2017 жылғы қаңтар – 2022 жылғы сәуір кезең үшін таргет пен жылдық инфляция, азық-түлік инфляциясы, азық-түлікке жатпайтын инфляция және ақылы қызмет көрсету инфляциясы арасындағы айырманың орташа мәндері мен стандарттық ауытқулары есептелді (1-кесте). Кіші кезеңдерді таңдау 2015 жылы теңгенің еркін құбылмалы бағамына көшу және 2015 жылдың соңынан 2016 жылға дейінгі кезеңде инфляцияның мақсаттан айтарлықтай ауытқуы және оның жоғары құбылмалылығымен байланысты болды.

1-кесте. Кезеңдегі инфляция мен таргет арасындағы айырманың орташа мәні және стандартты ауытқуы, %-бен

Кезең	Орташа				Стандартты ауытқу			
	Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер	Азық-түлік тауарлары	Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	Ақылы қызметтер	Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер	Азық-түлік тауарлары	Азық-түлікке жатпайтын тауарлар	Ақылы қызметтер
2011 жылғы қаңтар – 2015 жылғы қыркүйек	-0.8	-0.4	-2.2	0.3	1.5	3.1	1.6	2.2
2015 жылғы қазан – 2016 жылғы желтоқсан	7.1	5.2	15.3	1.6	3.3	2.4	6.6	1.5
2017 жылғы қаңтар – 2022 жылғы сәуір	1.4	3.4	1.5	-1.3	1.7	3.0	1.3	1.9
11 қаңтар – 2022 сәуір	1.1	2.0	1.5	-0.3	3.0	3.7	5.8	2.2

Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

Нәтижелер көрсеткендей, таргеттен неғұрлым қатты ауытқиды және азық-түлік тауарларының ең көп дисперсиясы бар. Бұл ретте ақылы қызметтер 2016 жылдан кейін мақсаттан ең аз ауытқуға ие болғанына қарамастан, оларда құбылмалылық жоғары.

Азық-түлік тауарларының құрылымын қарастыратын болсақ, таргеттен ауытқу тұрғысынан 2016 жылдан кейін темекі өнімдері (акциздерді арттыру саласындағы саясатқа байланысты), майлар мен тонмайлар, ет, балық, көкөністер кему тәртібімен «көшбасшылар» болып шығады. Сонымен қатар тарихи кезеңде осы шаманың құбылмалылығы бойынша «көшбасшылар» таразыны ескере отырып, көкөністер, нан-тоқаш өнімдері мен жармалар, ет, жемістер болып табылады (1-график). Бұл ретте барлық ковариациялардың жалпы салымының динамикасы әртүрлі күтпеген өзгерістерге бірлескен реакциямен айқындалады және бағалардың күрт бәсеңдеуі немесе бағалардың күрт үдеуі кезеңдерінде жоғарылайды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасында 2016 жылдан кейін авто, электр аспаптары, аяқ киім және ЖЖМ сатып алу таргеттен қатты ауытқиды. Сонымен қатар, ЖЖМ мен қатты отын неғұрлым құбылмалы болды.

1-график. Жылдық азық-түлік инфляциясы дисперсиясының негізгі компоненттерге ыдырауы, %-бен



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

Ақылы қызметтердің таргеттен ауытқуына жылу энергиясы, электр энергиясы және басқа да ТКШ қызметтері, көлік қызметтері, сондай-ақ тұрғын үйді нақты жалға алу негізгі үлес қосады. Бұл компоненттер де тұтастай алғанда неғұрлым құбылмалы болып табылады.

Осылайша, инфляцияның неғұрлым құбылмалы компоненттері құрауыштар болып табылады, олар әдетте осы себептен базалық инфляция есебінен алынып тасталады. Нәтижелер бірқатар тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары жоғары құбылмалылықты көрсететінін көрсетті, сол арқылы жалпы инфляцияның нысаналы мәннен ауытқу тәуекелін арттырады. Жоғарыда аталғандарды ескере

отырып, азық-түлік тауарларының (әлеуметтік маңызы бар тауарларға ғана емес) неғұрлым кең жиынтығы бойынша бағалардың құбылмалылығын төмендету, артық тұтынушылық сұранысқа әкелмейтін неғұрлым теңгерімді фискалдық және квазифискалдық саясат жүргізу және жекелеген нарықтарда (жылжымайтын мүлік бағасының өсуі салдарынан авто сатып алу және тұрғын үй жалдау) «бағаның көтерілуі» қалыптастыру, бағалардың өсуін таргеттелетін инфляцияға жақын деңгейге келтіру мақсатында бағаларды әкімшілік реттеудің орындылығын бағалау бойынша (ЖЖМ, реттелетін коммуналдық қызметтер) шараларды іске асыру қажет.

4-бокс. Қант: саланың ерекшеліктері мен перспективалары

Қант тамақ өнеркәсібінде де, химия өнеркәсібінде де кеңінен пайдаланылуына байланысты әлемдегі ең сұранысқа ие өнімдердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда тамақ өнімдерінің көпшілігіндегі оның құрамын ескере отырып, халықтың жан басына шаққандағы әлемдік қант тұтыну жылына 40 кг-ға жетті.

Қазақстанда ақ қант әлеуметтік маңызды тауар болып табылады. Сондықтан оның өндірісін дамытуға әрдайым ерекше көңіл бөлінді. Саланы субсидиялау мен қолдауға қарамастан, елде қант импортына тәуелділік әлі де жоғары.

Қазақстанда қант өндірісінің ерекшеліктерін талдау үшін төменде осы тауардың құнын жасаудың оңайлатылған тізбегі берілген (1-график).

1-график. Қант құнын жасау тізбегі



Құн жасау тізбегінің басында шикізат алу тұр. Қант өндірісі, негізінен, шикізаттың екі түріне – қант қызылшасына және құрақ қантқа негізделеді. Құрақ қантты өсіретін ірі елдер Бразилия мен Үндістан болып табылады, ал Германия, Франция және Польша қант қызылшасын өсіруге маманданған. Қазақстан өз кезегінде өз қант қызылшасын өсіреді, ал құрақ қант негізінен Бразилия мен Кубадан импортталады.

2-график. Қант өндіруге арналған шикізаттың ішкі нарығы



1992 жылы Қазақстанда қант қызылшасының егіс алаңы 85,1 мың га[3], 2021 жылы – 14,5 мың га-ны құрады (2-график). Жергілікті егіс алқаптарының қысқаруы қант қызылшасын арзан импортталатын құрақ-шикі қанттың[4] ығыстыруынан болды. Қазақстандағы қызылша-қант саласы туралы айта отырып, оның шетелдік селекция тұқымдарын жеткізуден 95%-ға импортқа тәуелділігін атап өткен жөн. Тиісінше, тұқым бағасының күрт ауытқуы елімізде осы дақылдарды өсіру мәдениеті процесін қиындатуы мүмкін.

Қант қызылшасы негізінен Жамбыл және Алматы облыстарында өсіріледі. 2021 жылы егіс алқабының шамалы төмендеуіне қарамастан (2-график) қызылша егетін өңірлерді сумен қамтамасыз етудің жеткіліксіздігінен қант қызылшасының жалпы алымының төмендеуі байқалады. Өндірушілердің

[3] *СЖРА ҰСБ деректері бойынша*

[4] *Сахароза мен қант еместерден тұратын жеке кристалдар түрінде қант қамысын қайта өңдеу өнімі. Құм қанты, рафинад қанты және сұйық қант өндіруге арналған шикізат болып табылады*

айтуынша, шикі қантпен жұмыс істеу қызылшаға қарағанда оңай, себебі өндірістік циклдің қысқаруы 30%, сондай-ақ өнім көп шығады.

Шикі қанттың бәсекеге қабілеттілігіне қарамастан, өз қант қызылшасын өсіру әлемдік күтпеген жағдайларға төзімділік үшін өте маңызды болып табылады. Мәселен, соңғы жылдары шикі қант бағасы өсе бастады, ал әлемдегі геосаяси жағдайдың күрделенуі тауарды үйреншікті бағыт – Новороссийск порты арқылы тасымалдауға мүмкіндік бермеді. Бұл жергілікті қант өндірісіне әсер еткені сөзсіз. Жаңа логистикалық тізбектер бойынша көлік қызметтерінің жоғары бағасы да түпкілікті тауар құнының өсуіне әсер етеді.

Шикізатты алуға қант өндірісі жатады (1-график). Бүгінде Қазақстанда төрт ірі зауыт бар. Ақсу және Көксу зауыттары Алматы облысында, ал Тараз және Меркі зауыттары Жамбыл облысында орналасқан. Тараз қант зауыты тек қана шикі қант зауытында жұмыс істейді. Қалған үш зауыт бастапқыда қант қызылшасына маманданған, бірақ уақыт өте келе жергілікті шикізат көлемінің жеткіліксіздігіне байланысты құрақ қантты қайта өңдеу желілерін іске қосқан.

Сала[5] өкілдерінің айтуынша, өткен жылы Ақсу және Меркі зауыттары өндірісті тоқтатуға мәжбүр болған, ал Тараз зауыты шикі қанттың жетіспеушілігіне байланысты жалпы өндірістік қуаттардың 60-70%-ын ғана тартқан. Меркі зауыты Жамбыл облысының қызылшасын небәрі 75 күнде қайта өңдеді. Осылайша, қант өндіру бөлігінде шикізат тапшылығы кезінде қуаттардың жеткілікті саны байқалады.

3-график. Қанттың ішкі нарығы



Дереккөзі: ҚРҰБ, СЖРА ҰСБ

Соңғы жылдары қант өндірісінің төмендеуінің тағы бір маңызды себебі импорттың, атап айтқанда Ресей мен Белоруссиядан өсуі болып табылады (3-график). Нарық Еуразиялық экономикалық одақ бойынша әріптес елдердің қантымен қаныққан жағдайда ішкі өндіріс тиімсіз болып келеді.

3-графикте көрсетілгендей, 2021 жылы қазақстандық өндірістің ішкі нарықтағы үлесі 42%-ды құрады. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, жергілікті шикізатта дайындалған қанттың үлесі небәрі 7%[6]-ды құрады. Осылайша, қант қызылшасын өсіруге арналған тұқым импортын есепке алмағанда, қант нарығы 93%-ға импортқа тәуелді.

2022 жылғы 31 тамызға дейін Ресейден қант шығаруға тыйым салу ішкі нарықта дүрбелең тудырып, бағаның өсуіне себепші болды. Геосаяси дағдарысқа байланысты логистикалық тізбектердің бұзылуы жергілікті зауыттарға шикі қант жеткізуді кейінге қалдырып, шикізат бағасының өсуіне әкелді.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қант құнын жасау тізбегінің барлық буындарында импортқа тәуелділікті төмендету қажет. Шикізат жеткіліксіз болған жағдайда Қазақстанның қуаты жеткілікті. Сондықтан, негізгі стратегиялық мақсаттардың бірі қант қызылшасының көлемін арттыру болуы тиіс. Фермерлерге инфрақұрылымды жақсартуға, агротехниканы жаңартуға және тұқым сатып алуға қолдау көрсету үшін қаражатты тиімді бөлу қант өндірісінде құрылымдық өзгерістерге алып келуі тиіс. Саланың қазіргі проблемалары ішкі өндірісті дамыту және ұзақ мерзімді перспективада қанттың импортқа тәуелділігін төмендету үшін ынталандыру болуы мүмкін.

---

[5]Қант өндірушілері саладағы ахуал туралы айтып берді//Іскерлік ақпарат орталығы Kapital.kz - 2021./ [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: URL: https://kapital.kz/economic/96720/proizvoditeli-sakhara-rasskazali-o-situatsii-v-otrasli.html.

[6] М. Смайыл Қазақстан өзін тек 7%-ға ғана қантпен қамтамасыз етеді//TENGRINEWS. – 2022./[Электронды ресурс]. – Кіру режимі: URL: https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kazahstan-obespechivaet-saharom-lish-7-protsentov-glava-msh-467307.

5-бокс. Өсімдік шаруашылығының: дәнді дақылдардан бақша дақылдарына дейін ауыл шаруашылығы дақылдарындағы түсімділік және баға жағдайы

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарады. Ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы елдің азық-түлік қауіпсіздігіне оң әсер етеді, өйткені Қазақстанда тұтынылатын азық-түлік өнімдерінің басым бөлігі ел ішінде өндіріледі. Бұл ретте өсімдік және мал шаруашылығы өнімдері түпкілікті тауарларды өндіру үшін де, сондай-ақ мал шаруашылығындағы азық және тамақ өнеркәсібіндегі шикізат ретінде де пайдаланылады. Қазақстанда ауыл шаруашылығы өсімдік дақылдары өндірісінің құрылымында ішкі нарықта ғана емес, сыртқы нарықтарға да экспортталатын бидай үлкен үлеске ие. ФАО мәліметінше, Қазақстан әлемдегі жетекші бидай өндірушілер мен экспорттаушылардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанда күріш, жүгері, арпа, сұлы және қарақұмық сияқты дақылдар өндірісі жолға қойылған.

1-график. 2021 жылы негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының жиналған алаңы



Қызыл түс– төмендеу, жасыл түс - өсу

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Бұл ретте өсімдік шаруашылығындағы егіннің динамикасы инфляцияның динамикасына, атап айтқанда, оның азық-түлік компонентіне тікелей әсер етеді.

2021 жылы жалпы ел бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы жиналған алаңы 22,9 млн. гектарды құрады (1,5%-ға өсу). Бидай, жүгері, майлы дақылдар, көкөніс және бақша дақылдарының егіс алқаптарының ұлғаюы байқалды. Арпа, сұлы, күріш және мақта алаңдары қысқарды (1-график).

Сонымен қатар, егіс алқаптарының ұлғаюына қарамастан, 2021 жылы кейбір ауыл шаруашылығы дақылдарының егін жинауы қысқарды, бұл бірінші кезекте ауа райының қолайсыздығына байланысты болды.

Мәселен, 2021 жылы аномальды құрғақшылық аясында өсімдік шаруашылығының жалпы алымы жылдық көрсеткіште 6,7%-ға қысқарды. Ауа райының нашарлығы едәуір дәрежеде дәнді және бұршақты дақылдардың жалпы жиналуына әсер етті (2-график). Өткен жылы 11,8 млн. тонна бидай жиналды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 17,1%-ға аз. Сонымен бір мезгілде әлемдік азық-түлік нарығында астық бағасының өсуі байқалды (ФАО индексі 2021 жылғы желтоқсанда ж/ж 20,7%-ға өсті).

Бидайдан басқа, 2021 жылы жарма өнімдері бойынша да астықтың төмендеуі тіркелді. Арпа мен сұлы өнімі 2020 жылмен салыстырғанда 35,3%-ға және 24,1%-ға төмендеді. Дақылдарды жинаудың төмен көрсеткіштері мал шаруашылығына теріс әсерін тигізеді, онда жемшөп ретінде дәнді-жемдік дақылдар пайдаланылады.

Егіс алқаптарының қысқаруы, нашар ауа райы жағдайында күріш пен мақтаның жалпы жиналымы тиісінше 5,5%-ға және 12,7%-ға төмендеді.

2021 жылы қант қызылшасы мен мақтаны қоспағанда, көкөністердің, бақша дақылдарының, картоптың, жүгерінің (жемшөп) және тұқым жемістерінің жалпы жиналымы тиісінше 28,8%-ға және 11,1%-ға қысқаруы байқалған (3-график). Қант қызылшасын жалпы жинаудың қысқаруының негізгі себебі өсіру үшін суармалы жерлердің жеткіліксіздігі, сондай-ақ қызылша егетін өңірлерді сумен қамтамасыз ету проблемалары болып табылады. Қазақстанға дайын қанттың басым бөлігі ТМД елдерінен, атап айтқанда Ресейден импортталады (2021 жылдың қорытындысы бойынша үлесі 50%-дан астамды құрайды).

3-график. Көкөністерді, бақша дақылдарын, жүгеріні, мақтаны, тұқымдық жемістерді жалпы жинау



Қызыл түс– төмендеу, жасыл түс - өсу

Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

2-график. Дәнді және бұршақ дақылдарын жалпы жинау



Қызыл түс– төмендеу, жасыл түс - өсу

Дереккөзі: Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Ауыл шаруашылығы дақылдарының жекелеген түрлері бойынша егіннің қысқаруы 2021 жылы өткен жылдан бері байқалып келе жатқан азық-түлікке әлемдік бағаның өсуімен қатар (2021 жылы ФАО азық-түлік бағасының индексі 23,1%-ға ж/ж, 2022 жылғы сәуірде 29,8%-ға ж/ж өсті) 2021 жылы ішкі азық-түлік бағасына кері әсерін тигізді. Мәселен, 2021 жылы ұн, нан, макарон өнімдері, жарма, ет және ет өнімдері, сүт өнімдері, жеміс-көкөніс өнімдері, қант бағаларының айтарлықтай өсуі байқалды.

Ағымдағы жылы осы факторлар тарапынан теріс әсер әлемдегі геосаяси жағдайдың нашарлауымен ушығып, логистикалық жеткізілім тізбектерінің бұзылуына әсер етті. Бұл бірқатар азық-түлік тауарлары (нан-тоқаш өнімдері, ет, сүт өнімдері, жеміс-көкөніс өнімдері, күнбағыс майы, қант) бойынша бағаның неғұрлым жоғары өсу қарқынына әсер етеді.

Аталған тауарлар тұтыну себетінде елеулі үлес алады және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары болып табылады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығын қолдау үшін 2021 жылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба бекітілді. Жобаны іске асыру қорытындысы бойынша елімізді отандық өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз ету, импортты алмастыру деңгейін арттыру және экспорттық әлеуетті арттыру жоспарлануда.

3.5. Фискалдық саясат

2022 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша шығыс бөлігінің кеңеюінен асып түсетін бюджеттің кіріс бөлігінің айтарлықтай өсуіне байланысты бюджет тапшылығының төмен көрсеткіші байқалады.

2022 жылғы қаңтар-наурызда республикалық бюджет 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 85,0%-ға қысқарып, 143,9 млрд. теңге тапшылықпен қалыптасты (2022 жылғы бірінші тоқсанда – ІЖӨ-ге 0,8%). Бюджет тапшылығының қысқаруы бірінші кезекте кірістердің шығыстардан озық өсуіне (тиісінше 50,3% және 13,5%-ға өсуі) байланысты. Ағымдағы жылдың мамыр айында 2022 жылға арналған республикалық бюджеттің параметрлері нақтыланды, онда шығыстар 2021 жылмен салыстырғанда 23,6% – ға едәуір ұлғайды (алдыңғы жоспармен салыстырғанда ұлғаю жағына қарай 18%-ге өсті). Негізгі шығындар келесі баптарға бағытталады: қорғаныс, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру және ТКШ.

Сонымен қатар, салық-бюджет саясатының әлеуметтік бағыты, нақты сектор мен өңірлердің дамуын қолдау күшейтілді. Салық түсімдерін арттыру жағына қайта қарау жағдайында фискалдық параметрлерді түзету Ұлттық қордан кепілдендірілген трансфертті ұлғайту есебінен бюджеттің кіріс бөлігін кеңейтуді болжайды (2,4 трлн. теңгеден 4,03 трлн. теңгеге дейін). Қаржыландыру неғұрлым егжей-тегжейлі бөліністе әлеуметтік саланы қолдауға (әлеуметтік төлемдерді индекстеу, еңбек нарығын дамыту және жастарды қолдау), қорғаныс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға, өңірлерді дамытуға, республикалық және жергілікті жолдарды салуға және жөндеуге, шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталатын болады.

2022 жылғы қаңтар-наурызда бюджеттің кіріс бөлігіне 1 223 млрд. теңге сомасына ресми трансферттер түсті, оның ішінде ҚРҰҚ кепілдендірілген трансферт 985 млрд. теңгені, нысаналы трансферт – 50,7 млрд. теңгені, төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер – 187,3 млрд. теңгені құрады.

2022 жылғы бірінші тоқсанда бюджеттің мұнай емес тапшылығы (Ұлттық қордан трансферттерді және шикі мұнайға кедендік әкету баждарын есепке алмағанда бюджет тапшылығы) Ұлттық Банктің бағалауы

55-график. Республикалық бюджеттің жалпы және мұнайға жатпайтын тапшылығы, ІЖӨ-ге %,



Дерекқөзі: ҚР ҚФ

56-график. Республикалық бюджет кірістерінің құрылымы



Дереккөзі: ҚР ҚМ

бойынша 1 569,6 млрд. теңгені (ІЖӨ-ге 8,4%) құрады, бұл 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 29,1%-ға аз (55-график).

2022 жылғы қаңтар-наурызда республикалық бюджеттің кірістері 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 50,3%-ға ұлғайып, 3,8 трлн. теңгені құрады. Кірістердің өсуінің негізгі себебі карантиндік шектеулердің жұмсаруы, экономикалық белсенділіктің қалпына келуі және негізгі экспорттық тауарлар бағасының көтерілуі аясында салық түсімдерінің 2 есе ұлғаюы (бюджет кірістеріндегі үлесі 67,2%-ды құрады) болып табылады. Экономика салалары бөлінісінде салықтардың неғұрлым өсуі тау-кен өндіру, өңдеу өнеркәсібінде және көтерме-бөлшек саудада байқалады. Салықтық түсімдер құрылымында ірі тау-кен металлургия компаниялары төлейтін қосымша салық міндеттемелері аясында корпоративтік табыс салығы бойынша, сондай-ақ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізу бойынша айналымдардың өсуі аясында қосылған құн салығы бойынша түсімдер ұлғайды. Сонымен қатар, 2022 жылдың бірінші тоқсанында мемлекеттік басқарудың төмен тұрған органдарынан түсетін трансферттердің 50,9%-ына ұлғаюы есебінен ресми трансферттердің түсімдері 1,8%-ға (бюджет кірістеріндегі үлес 31,9%-ды құрады) ұлғайды.

Салықтық емес түсімдердің 40,4%-ға қысқаруы республикалық бюджетке өзге де салықтық емес түсімдер түсімдерінің азаюына байланысты. Сонымен қатар, мемлекеттік органдар салатын әкімшілік айыппұлдардан, өсімпұлдар мен санкциялардан түсетін түсімдердің өсуі байқалады.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің қысқаруы мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын өткізудің болмауына байланысты (56-график).

2022 жылғы қаңтар-наурызда республикалық бюджет шығындары 2021 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 13,5%-ға ұлғайып, 3,9 трлн. теңгені құрады. Республикалық бюджет шығындарының өсуіне білім беру – 34,3%-ға (үлесі – 11,1%), борышқа қызмет көрсету – 21,9%-ға (үлесі – 10,3%) және қорғаныс – 23,1% (үлесі – 4,8%) негізгі үлес қосты. Сонымен қатар, әлеуметтік көмек пен әлеуметтік қамтамасыз ету шығыстары 8,6%-ға (үлесі – 26,9%) өсті.

НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

Ақша базасы Ұлттық Банктің кассаларындағы қолма-қол ақшаны қоспағанда, Ұлттық Банк айналымға шығарған қолма-қол ақша, банктердің аударылатын және басқа да депозиттері, банктік емес қаржы ұйымдарының аударылатын депозиттері және Ұлттық Банктегі теңгедегі мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржылық емес ұйымдардың ағымдағы шоттары.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігі – ақша-кредит саясаты құралдарының экономиканың өсуі, инфляция сияқты соңғы макроэкономикалық көрсеткіштерге әсер ету процесі. Тар ақша базасы – бұл банктердің Ұлттық банктегі басқа депозиттерін есептемегенде ақша базасы.

Ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігінің пайыздық арнасы – пайыздық мөлшерлемелерді реттеу арқылы орталық банктің экономикаға әсерін сипаттайтын трансмиссиялық тетік арнасы.

Ақша массасы (М3) Ұлттық Банк пен банктер баланстарының шоттарын шоғырландыру негізінде айқындалады. Ол айналыстағы қолма-қол ақшадан және ұлттық және шетел валютасындағы банктік емес заңды тұлғалар-резиденттер мен халықтың аударылатын және басқа депозиттерінен тұрады.

Аударылатын депозиттер – бұл барлық депозиттер, олар: 1) кез-келген уақытта номиналы бойынша айыппұлсыз және шектеусіз ақшаға айналдыруға болады; 2) чек, тратта немесе май тапсырмасы арқылы еркін аударылады; 3) төлемдерді жүзеге асыру үшін кеңінен қолданылады, аударылатын депозиттер тар ақша массасының бөлігі болып табылады. Басқа депозиттерге, негізінен, белгілі бір уақыт өткеннен кейін ғана алынуы мүмкін жинақ және мерзімді депозиттер жатады немесе оларды қарапайым коммерциялық операцияларда пайдалану үшін ыңғайлы етпейтін және негізінен жинақтау механизмдеріне қойылатын талаптарға жауап беретін әртүрлі шектеулер бар. Бұдан басқа, басқа депозиттерге аударылмайтын салымдар мен шетел валютасында көрсетілген депозиттер де кіреді.

Еркін өзгермелі айырбастау бағамы. ХВҚ-ның өзгермелі валюта бағамы режимі шеңберіндегі қолданыстағы жіктеуі бойынша орталық банк бағамның нарықтық факторлардың әсерінен қалыптасуына мүмкіндік беретін бағамның деңгейі немесе өзгеруі үшін бағдарларды, оның ішінде операциялық бағдарларды белгілемейді. Бұл ретте орталық банк ұлттық валюта бағамының құбылмалылығын тегістеу немесе оның шамадан тыс өзгеруінің алдын алу үшін, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ішкі валюта нарығына тұрақты емес әсер етуді жүзеге асыру мүмкіндігін өзіне қалдырады.

Инфляция – тауарлар мен қызметтер бағасының жалпы деңгейін арттыру. Қазақстанда инфляция тұтыну бағаларының индексімен өлшенеді.

Инфляциялық таргеттеу – бұл инфляцияның мақсатты деңгейіне жетуге бағытталған ақша-кредит саясатының режимі.

Кері РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сату міндеттемесімен бағалы қағазды сатып алу мәмілесі, Ұлттық Банк Ұлттық Банктің кепілмен қамтамасыз ету тізбесіне сәйкес бағалы қағаздар кепілімен банктерге теңгелік өтімділікті беру мақсатында кері РЕПО операцияларын жүргізеді. Ашық нарық операциялары – базалық мөлшерлемеге жақын пайыздық мөлшерлемелердің деңгейін қалыптастыру мақсатында ақша нарығындағы өтімділікті ұсыну немесе алып қою үшін Ұлттық Банктің аукциондар нысанындағы тұрақты операциялары.

Нақты айырбастау бағамы – екі елде өндірілетін тауарлардың салыстырмалы бағасы: елдер арасындағы тауарлар алмасуының пропорциясы. Нақты бағам номиналды бағамға, валюта бағамдарының арақатынасына, ұлттық валютадағы тауарлар бағасына байланысты.

Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы – өндіріс процесінде ұзақ уақыт бойы пайдаланылатын қаржылық емес активтердің өсуі. Негізгі капиталдың жалпы жинақталуы мынадай компоненттерді қамтиды: а) істен шығуды шегергендегі жаңа және қолданыстағы негізгі қорларды сатып алу; б) өндірілген материалдық активтерді ірі жақсартуға арналған шығындар; в) өндірілмеген материалдық активтерді жақсартуға арналған шығындар; г) өндірілмеген шығындарға меншік құқығын беруге байланысты шығыстар.

Тұрақты қол жеткізу операциялары – ашық нарық операцияларының нәтижелері бойынша қалыптасқан өтімділік көлемдерін түзету жөніндегі ақша-кредит саясатының құралдары, тұрақты тетіктер екі жақты мәмілелер шеңберінде жүзеге асырылады, мұнда мәміленің бір тарапының субъектісі Ұлттық Банк болып табылады. Бұл операциялар банктердің бастамасы бойынша жүргізіледі.

Тұтыну бағаларының индексі – халық тұтыну үшін сатып алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың жалпы деңгейінің өзгеруі. Инфляцияны есептеуге арналған Қазақстанның тұтыну қоржыны үй шаруашылықтары шығыстарының құрылымын көрсетеді және халықты тұтынуда ең көп үлес салмақты алатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді қамтиды, ТБИ ағымдағы кезең бағаларындағы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тіркелген жиынтығы құнының алдыңғы (базистік) кезең бағаларындағы оның құнына қатынасы ретінде есептеледі. Индексті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті есептейді.

Тұтынушы себеті – бұл адамның немесе отбасының айлық (жылдық) тұтынуының типтік деңгейі мен құрылымын сипаттайтын тауарлар мен қызметтер жиынтығы. Мұндай жинақ қолданыстағы бағалардағы тұтыну себетінің құнына сүйене отырып, ең төменгі күнкөріс деңгейін есептеу үшін қолданылады. Тұтыну себеті сонымен қатар тұтынудың есептік және нақты деңгейлерін салыстыру базасы, сондай-ақ валюталардың сатып алу қабілетін анықтауға негіз болады.

Тікелей РЕПО – алдын ала белгіленген баға бойынша белгілі бір мерзімнен кейін кері сатып алу міндеттемесімен бағалы қағазды сату мәмілесі, Ұлттық Банк артық теңгелік өтімділікті алу мақсатында тікелей РЕПО операцияларын жүргізеді.

Шығарылым алшақтығы. Әлеуетті шығарылымның пайызымен көрсетілген ІЖӨ ауытқуы. Белгілі бір уақыт аралығында нақты ІЖӨ мен әлеуетті ІЖӨ арасындағы айырмашылықты білдіреді. Елде пайдаланылатын ресурстардың тиімділігін көрсететін индикатор ретінде қызмет етеді. Нақты шығарылым әлеуетті шығарылымнан асып кеткен жағдайда (оң алшақтық), өзге де тең жағдайларда, экономиканың қызып кетуіне байланысты бағаның өсу қарқынын жеделдету үрдісін қалыптастыру күтіледі.

Ықтимал шығарылым. Ол экономикадағы өндіріс деңгейін көрсетеді, оған өндіріс факторлары толық жүктелген және толық жұмыспен қамтылған кезде қол жеткізуге болады. Бағаның өсу қарқынының өзгеруіне алғышарттар жасамай өндіруге және іске асыруға болатын өнім көлемін көрсетеді.

Ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) – пайдаланылған өндіріс факторларының ұлттық тиістілігне қарамастан тұтыну, экспорт және жинақтау үшін мемлекет аумағындағы экономиканың барлық салаларында бір жыл ішінде өндірілген барлық түпкілікті тауарлар мен қызметтердің нарықтық құнын көрсететін көрсеткіш.

Экономиканы долларландыру – бұл шетел валютасы (көбінесе АҚШ доллары) ел ішінде немесе оның экономикасының жекелеген секторларында операцияларды жүзеге асыру үшін қолданыла бастайтын жағдай, ұлттық валютаны ішкі ақша айналымынан шығарып, жинақтау құралы, құн өлшемі және төлем құралы ретінде әрекет етеді.

TONIA мөлшерлемесі – мемлекеттік бағалы қағаздармен автоматты репо секторында биржада жасалған, бір жұмыс күні мерзімге репо ашу мәмілелері бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлемені білдіреді.

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

б.т. – базистік тармақ
БҰҰ ФАО – Біріккен ұлттардың азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы
ГӨЗ – газ өңдеу зауыты
ДМ – дамушы нарықтар
ЕТЖ – ең төменгі жалақы
ЕО – Еуропалық Одақ
ЕОБ – Еуропалық орталық банк
ЖЖМ – жанар-жағармай материалдары
ИИДМБ - Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы
ҚҚБ – Қазақстан қор биржасы
ҚОҚ – «Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ
ҚР Қаржымині – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚРҰБ – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚРҰҚ – Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
МБҚ – мемлекеттік бағалы қағаздар
Млн – миллион
Млрд – миллиард
МӨЗ – мұнай өңдеу зауыты
НТАБ – нақты тиімді айырбастау бағамы
ОПЕК – мұнай экспорттаушы елдер ұйымы
п.т. – пайыздық тармақ
Ресстат – Ресей Федерациясы мемлекеттік статистикасының федералдық қызметі
РФ ОБ – Ресей Федерациясының Орталық Банкі
СЖРА ҰСБ – Стратегиялық жоспарлау және реттеу агенттігі Ұлттық статистика бюросы
ТБИ – тұтыну бағаларының индексі
Трлн – триллион
ТШО - Теңізшевройл
ҰЭМ – Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
ФРЖ – Федералды резервтік жүйе
ХВҚ – Халықаралық валюта қоры
ІЖӨ – Ішкі жалпы өнім
ЭДМ – Ресей Федерациясының Экономикалық даму министрлігі
ЭҚТ – Экономикалық қызмет түрлері